

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ



Мура

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

М ұ р а

Ақсай - 2005



ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!

Міне, сіздің қолыңызға Дәмелі Құсайынқызының «Мұра» атты кітабы тиіп отыр. Бұл ақынның жарыққа шығып отырған, екінші кітабы. Алғашқы «Әке» атты кітабы 2002 жылы, дүниеге келді. Кітаптың мазмұнымен өздеріңіз таныса жатарсыз. Мен екі кітапты жинап-теріп отырып, Дәмелі Құсайынқызының өмір жолын, өз басымнан кешкендей әсер алдым.

Кітап жазып-шығару туралы, өз пікірімді алғашқы рет, 2002 жылдың көктемінде, ортаға салдым. Себебі, Дәмелі Құсайынқызының, қолдан жазған қолтаңбаларын, қағаз бетінде шашылып жатқанын көріп, осының бәрін жиып-теріп, ұрпақтарыңа «Мұра» қалдырсаң деп.

Негізінен, балалық шағы соғыс кезіне сәйкес келіп, кейіннен жоғары білім алуға мұршасы болмаған, көп балалы ана Дәмелі Құсайынқызының, екі кітап жазып шығаруы үлкен іс. Бұл кісінің өмір жолын бізге, бізден кейінгі ұрпақтарға мақтан тұтуға болады. Мені таңқалдыратын жағдай, соғыстан оралмаған әкесін, 60 жыл бойы іздестіріп, соның орнын жоқтаттырмаймын деп, өзін өзі жұбатып, іс істеп, өлең, мақала жазып, халқына қызмет етуі.

Дәмелі Құсайынқызы өзінің ақындығымен, шеберлігімен, аудан, облыс, республика көлемінде танымалы адам. Қазіргі уақытта қадірлі зейнеткер, жұбайы Шапай Қажығалиұлымен он баланың ата-анасы. Немере сүйіп, бақытты әже болып отыр.

Қадиша КЕРЕЙҚЫЗЫ

Орынбор қаласы

2002 - жыл



ЖІГЕРЛІ АНА

Ардақты ана, он бала тауып оны тәрбиелеп өсіріп, өзінің де ата-ана, туған ел алдындағы парызын қатты сезініп, өмірге асқан жауапкершілікпен қараған Дәмелі Құсайынқызын, мен біраз жылдан сыртай естіп жүрем. Ол өз ортасына шапағат шашқысы келетін ақынжанды адам.

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнай жүріп, ұлтымыздың ұмыт болған ою өрнегін, көкірек кестесімен қайта жаңа дәстүрге жалғауды армандайды. Бар дегені орындала бермейтін, ауыл әйелінің қиын тірлігі арасынан, өзіне уақыт табады.

Бойында қазақ әйелінің қайраты мен намысы бар өнер сүйген, осы кісіге еңбекқорлығы үшін үлкен ілтифатпен қарап, ылғи тілектес болып жүрем.

Әйел атаулы ауылда ине ұстауды ұмытқан кезде, ісмерлік мектеп қалыптастыру да, үлкен жігерді қажет етеді. Бұл өлкеде бір кезде ұмытылып, әлі де қалпына келмеген киіз үй оюы мен әшекейін жаңарту да қажет шаруа, өте құптарлық іс. Ұлттық құндылықтың маңызын, әр қазақ әйелі осы Дәмелі Құсайынқызы сияқты сезінсе ғой деп ойлайсың кейде.

Жігерлі жанға әрқашан жақсылық тілеймін.

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЙҚЫЗЫ,
Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ақын.

Суретте: Ақұштап Бақтыгерейқызы



БІРІНШІ ТАРАУ



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҰСТАЗ ТУРАЛЫ ОЙ

Өмірінің тең жартысын ұстаздықпен өткізген, Дәмелі Құсайынқызы үнемі бір арман биігіне талпынып, адам тағдыры төңірегінде ойға беріліп, тебірене толғанатын, жаны нәзік, мейірімі мол адам. Кәрілік шағына келсе де, атан жүгін арқалап, қияға көтерілуді армандайды.

Француз жазушысы Винтор Гюго: «Өзіне арналар ескерткіштің тұғырын, өз қолынан тұрғызып» - дегендей, сол тұғыр тұсындағы өмір биігіне көтерілуді өзіне мақсат етіп, әрқашанда шарықтау, биікке самғау үстінде көрінуде.

Дәмелі: «Думанды өмірден сыбағаңды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізінді қалдыр, адамдық атыңа кір келтірмей, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішінді қала» - деумен келеді.

Дәкеңнің кішкене кеудесі үлкен арманға толы, қазіргі ұрпақтарға емес, келер ұрпақ алдында да, жауапты екенін сезінеді. Ұрпаққа, елеулі мұра қалдыруды, өмір сүрген аз ғұмырды, өкінбей өткізуді, замандас жолдастарына мәнді өмір сүріп, байсалды болуды, мақсат етуді уағыздайды. Ол өзгені сыйлай да, өзін де сыйлаттыра білетін жаны нәзік, ақпейіл жан. Дәмелінің бойында тума ақындығы және атабабамыздан қалған қол өнер шеберлігі де бар.

Ән салғанда өзінің шығарған өлеңдеріне байланысты, тыңдаушылар сезімін ұйытып әкететін, дауысында құбылмалы ырғақтар, нәзік әуендер бар. Өлеңдері нәзіктік, сезімталдық, сыршылдықтардан тұрады.

Әрине, мұның бәрі мазасыз ізденудің жемісі. Өмірден жапа шеккендердің тағдырына, әрқашанда қынжылып, қасіретін бөлісуге дайын тұрады.

Өлеңдерінде күйректік тәрізді көрінетін әлегикалық сарындар да, бар екенін жасыруға болмайды. Бұл сарын, сол өмірді терең сүйуден болған деп ойлаймын. Өйткені, өзінің ең қымбат көретін аяулы әкесін ерте жоғалтып (отан соғысында қаза болған) алғандықтан, өзіне тән жырлау ерекшеліктерінің ақындық бір әдісі болар.

Кейбір өлеңдерінде лиризмге бөлінген оптимизм үні еседі. Әділет дүниесі, бақыт дүниесі - қазіргі заманын жырлағанда, Отаншылдық сезімін жан тебірінісімен жырлайды.



Дәмеліні жайшылықта бағалана бермейтін, өзі де еңбегін ешкімге міндет қылмайтын, бірақ тәртіптілік пен жауапкершілік қанына сіңген, адам санатына қосуға болады. Біздің қоғамда «Дұрыс адамдарды, ісіне адал, тианақты адамдарды - қоғамдық беделдің қазығы» - деп біледі.

Осындай өз жұмысын жетік білетін, кеудесін қақпайтын, білікті адал адамдар - еліміздің алтын қорлары, еңбек майталмандары, тіректері, жастардың таптырмас тәлімгерлері. Жанының жарығы мен жылуын аямай, адал еңбек еткен адамдардың бірі тәлімгер ұстаз - Дәмелі деп білемін.

Дәмелінің өскен өңірі тегіс танып, сыйлайды. Танитыны - жылдар бойы еңбегінің елге етенелігі, сыйлайтыны - өзгермейтін бір қалыптылығы, тәртіптілігі мен қарапайымдылығы. Қасиеті - талаптанып кісілік талантын, тазалық талантын, қанағатшылығын көрсете білетіндігінде.

Адамның көп әдеті бала кезден басталып, бара-бара мінезіне айналып, әлі келіп, өрісі жеткенше өзін көрсете білуінде.

Соғыстан қайтпаған әкесінің жылы алақанын, көмегін көрмей талпынып, талаптанып, тасты жарып шыққан, жантақтай тағдырымен тайталасып өсті. Жетімнен жетіліп, намысқа тырысты. Адамдық жауапкершілігін ұмытпай, өмір көріп, жер танып, жаны жақсы адамдармен араласты.

«Адамға өткен өмір, бәрі сабақ» - деген нақылды тәлім етіп ұстанды. Бұлдырты ауылы - Дәмелінің тал бесігі болды, Аралтөбе оның өрісін кеңейтті, өрісін биіктетті. Өмірді түсіну мектебі болды.

Тағдыр оны, Ақсайға табан тіретті, мұндағы абзал жан-дар, өміріне ең берді, үмітін оятты. Көзінің майын төгіп, істеген адал еңбегі бағаланды, сезіміне сезім қосылып, жырлар легі шыға бастады. Ұлдары ер жетіп, қыздары бой жетіп, алтын асықтай немере сүйгізді. Адал, көкірегі ояу достар табылып, сыйластыққа ие болды.

Жүрген жерінде жастар жол беріп, үлкендер қол беріп, Бөрлі ауданының, ардақты азаматшасының бірі болды. Бақытты отбасының тірегі болып, зейнеткерлікке шықты. Міне, бұл да оның арманының орындалғаны.

Біз Дәмелі Құсайынқызына жақсылықтың жағында, жақсылардың жасағында, тазалығыңыздан танбай жүре беруіңізге тілектеспіз.

Ш. Қ. ДОСЖАНТЕГІ,
ұстазың Қазақстан Халық ағарту ісінің озық қызметкері.





МҰРА

Жасымнан көңіл бөлдім салтымызға,
Бес рет есеп бердім халқымызға,
Өнердің ауыр жолын кәсіп қылдым,
Мұраны жалғаймыз деп артымызға.

Қымбатты оқырмандарым, енді осы бір шумақ өлеңнің мазмұнын былай тарқатып беруді жөн санадым. Мен сөз өнеріммен де, қол өнеріммен де жасымнан айналысып келемін. Халыққа көрініп сахнаға шықпағаныммен, менің де азды көпті оқырманым бар. Әсіресе, соғыстан оралмаған әкеме шығарған өлеңдерім, нәзік жүректі ақын, марқұм Ораз Қарекеновке қатты әсер етсе керек. Ораз Қарекенов Сырым ауданының (Бұрынғы Жымпиты) идеология бөлімінің қызметкері еді. Бірінші хатшы Бауыржан Тұманов, Ораз Қарекенов хатшының орынбасарларының бірі еді. Өзі өлең жазатын ақын. 1989 жылдың күзі, түске жақын, біздің үйге Ораз Қарекеновпен сол ауданның мәдениет үйінің директоры Жолды Өтегенов деген інімнің келгені. Әрине, мен аздап қысылып қалдым. Өйткені үй салқын, әлі от жағыла қоймаған кез. Дәл осы күні, от жағып отыр едім, екі бөлмем салқын.

Бірақ, екі қонақ менің қысылуыма жол бермей, жеңіл шайымды ішіп, келген қызметтерін айтып түсіндірді. Жымпиты совхозына келген қызметі, мені осы совхозға кеңінен таныстыру үшін «творчествалық» кешімді өткізу мақсатында ұлықсат алуға келген екен. Бізден келісім алып, совхоз басшыларына жолығып, тапсырма беріп кетті де, үш күннен кейін, менімен әнші Ермек Жәркемалиев екеуіміздің кешімізді, өте әдемі етіп өткізіп кетті. Ойлап қараңыздаршы, қандай кішіпейілділік. Ол кезде де, қазір де, бірінші хатшының орынбасарлары лаузымды қызметкерлер.

Ақын Ораз Қарекенов інім, өмірден озып кетті дегенді естігенде, төбемнен жай түскендей әсер алдым. Содан бері арамызда тірі жүргендей, күй кешемін.



Екі сағатқа созылған кешіміз өте әдемі өтті. Клубқа халық лық толды. Ұйымдастыруда қапы жоқ. Менің кешіме, сол ауданның барлық дерлік совхоз, колхоздарының парткомдары өздерімен бірге ақындарын ала келіпті. Балаларым бәрі жан-жаққа тарап кеткен. Үйде тек кемпір-шал, кенже қызымызбен тұратынбыз. Келген қонақтарға совхоз басшылары шай-су бере алдыма, оны сұрағаным жоқ. Ал менің мүмкіндігім болған жоқ. Халықтың алдына шығып есеп беру зейнеткер анаға оңай емес. Менің өлең жазғаныма шанбай жүрген құрбыларым, тіпті көре алмай жүрген замандастарым қалмай келіпті.

Оқушылар өлеңдерімді оқыды. Әнші Ермек Жәркемалиев - «Мұхит» сазымен кешті көркемдеп отырды. Сол кеште марқұм Ораз Қарекеновтің: «Шамның жарығы түбіне түспейді» - деген сөзі, құлағымда қалып қойды. Жатқан жерің жарық болғай, Оразжан. Бұл бірінші халқыма есеп беруім еді. 1996 жылы, Ақсай қаласына Жымпитыдан көшуге тура келді. Өйткені, нарық басталып, ел күйзеліске ұшырады. Біздің балаларымыздың алыстан қатынауы қиындап кетті. Отырған жылы орнымызды суытып, қартайғанда көшу, бізге оңайға соққан жоқ. Содан бері, Ақсай қаласында тұрамыз. Екі қызымыз Ақсайда қызметкер еді. Зайтуна Шапайқызы, Гүлсара Шапайқызы Қажығалиевалар, екеуі бірге тұруға келісіп, бірінің үйін босатып берді. Содан бері Гүлсараның үйінде тұрып жатырмыз. Пәтер ақы, жылу, телефон әлі күнге солардың мойнында. Әрине, біраздан кейін бір бөлмелі үй алып, Гүлсара бөлінді. Соңғы үш баланың барлық міндеті сол екі қызыма ауды. Үшеуін оқытты, үйлендіріп, аяғынан тік тұрғызды. Екеуіне ата-аналық алғысымызды жаудырып, жылы да жайлы үйде, кемпір-шал бөлек тұрып жатырмыз.

Олар үшін енді біз сәбиге айналдық, апта сайын жағдайымызды біліп, керек-жарағымызды қолдарына ұстап келіп тұрады.

Енді осындай жағдайда отырып, қолымнан іс келе тұрып, қарап отыруға менің арым бармай, сол 1997 жылдан





бері, үш киіз үй тігіп, «Әке» деген кітап жазып, халқыма қызмет қылып отырған жайым бар.

1998-1999 жылдары, екі жыл тігіп тапсырған киіз үйім, әлі күнге дейін Ақсай қаласының тойларына құрылып жүр. Осы киіз үй тоза келді. Енді ұрпаққа «Мұра» қалдыру, Жеңістің 60 жылдығына арнап, «Әкеге» ескерткіш орнату мақсатында тігілген киіз үйлерім, кітаптың тұсау кесер рәсімдерін, Ақсай қаласының әкімшілік аппараты, теледидар, газет қызметкерлері, әлсін-әлсін халыққа жариялап «Шығармашылық» қызметімді көрсетіп, марапаттаумен келеді. Менің жұмысымды жариялап, экраннан көрсетіп отырса, осы аталған қызметкерлердің де, халыққа қызмет етіп жатқандырын мойындауымыз дұрыс. Әсіресе, «Ақсайгазсервис» деп аталатын мекеме, 1999 жылдан бері, әр «Наурызда», кейбір тойларға киіз үйді құрып, халқымызға ұлттық қол өнерімізді насихаттауға зор үлес қосып отыр. Киіз үйді бұрынғы президенті Анатолы Орынғалиұлы Тегісбаев деген ініміз, мекемеге алып беріп кетті. Қазіргі «Ақсайгазсервистің» президенті Жолдасқали Өтебалиев басшылық жасай отырып, 5-6 жылдан бері осы өнерді насихаттап келеді.

Жақсылыққа жақсылық, менің өнерімді насихаттауға үлесін қосып жүрген облыстық, аудандық теледидар қызметкерлерін, газет қызметкерлерін бейнебаянға көшіріп алып отырдым, егер олар насихаттауға үлес қоспаса, қол өнері тасала қалып қояр еді. Осыған орай мен білгелі, Ақсай қаласында үш әкім ауысты. Ғұмар Дүйсенбаев әкім болып тұрғанда, қолдап киіз үй жарыққа шықты. Сағидолла Батайұлы Еркебаев екінші киіз үйді құруға, «Әке» деген кітаптың тұсау кесер кешін өткізуге үлес қосты. Сағынбек Хайдарұлы Мұташев, үшінші киіз үйді құрғызып, халқымызға ұсынды. Әзірге менің бітіргенім оншақты жыл бойы, бейнебаянға түсіріп отырған тақырыптар, Астанадағы Президент жанындағы мұражайға, Ақсай қаласының мұражайына, Бұлдырты орта мектебінің мұражайына тапсырдым деп отырмын. Ең болмағанда ұрпаққа қол өнерімді






жеткізу мақсатында. Ол бейнебаянда көптеген адамдар бар. Облыстық теледидарының қызметкері, журналист, ақын Ботакөз Баймұқанқызының бірнеше рет келіп түсіріп, әрқайсысы екі сағаттан асатын жұмыс, бірде болмаса бірде әлі де жалғасын тауып, халқымен қауышып отырар. Ал, енді Ақсай қаласының теледидар қызметкерлері, басшы-қосшылары бәрі дерлік, бейнебаянда көрсетілген. Менің осынша қызметімнің жарық көруіне, «Әке» деген кітабымның шығуына демеуші болған, Ақсай қаласы әкімшілігінің маслихат хатшысы Ибрагим Хайдарұлы Ізмагамбетовпен, Талғат Ныгметов інілерімнің айтарлықтай үлесін аса ризашылықпен атап өтпеу, ол кісілерге үлкен қиянат болар еді. Осы істің басы-қасында жүрген аты аталмаған адамдарға да, алғысымыз зор.

Уақыт бөліп Ақсай қаласының мұражайына бас сұғып, мұражайды аралап, мұражай қызметкерлеріне осы мен жинақтап тапсырған бейнебаянды көрсетуге өтініш білдірсеңіздер, біраз мәдени шараға, сол мәдени шараны қолдаған қызметкерлердің, журналистердің жұмысына куә боласыздар. Сол бейнебаяннан осы шараға қатынасқан өздеріңізді, соғыс, еңбек ардагерлерін, ұстаздарды, теледидар қызметкерлерін көре аласыздар. Сонымен қатар, осы бейнебаянның көшірмесін, Астанадағы мұражайға да жіберілгендігінен хабардар еткім келді. Өйткені өнер жалғасын табу керек. Біздің ұрпаққа қалдыратын мұрамыз болмақ.




КИИЗ ҮЙ

Киіз үйдің қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) деп атайды. Киіз үй жасайтын ағашты алты ай немесе бір жыл бұрын әзірлейді. Кереге-киіз үйдің негізі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын желі, ал керегелік желінің ең ұзынын - **ерісі**, қысқалауын - **балашық**, ең қысқасын **сағанақ** деп атайды. Бір керегеде 14 **ерісі**, 9 **балашық**, 9 **сағанақ** болады. Керегенің көктеліп біткен әр бөлігін **қанат** деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді (екі-үш қанаттан бастап отыз қанатқа дейін кереге желісінің ерісі 2 м, балашығы 1 м 80 см (ең ұзыны) **сағанағының** ең кішісі 30 см. Кереге желісінің **басы** деп аталады. Кереге жасалу **желкөз**, **торкөз** кереге болып бөлінеді. **Желкөз** кереге 11, 13, 15 көкті, 75, 80, 90 басты **торкөз** кереге 17, 19, 21 көкті, 95, 110, 120 басты болып келеді. Керегенің бас санына қарай, уық саны да азайып, көбейіп отырады. **Желкөз** керегенің көзі үлкен, арасында бір желі көктелмей азат қалдырылып отырады. **Торкөз** керегенің көзі тар, жұдырық сыймайтындай болады.



Киіз үйдің сүйегі




Туырлық ұстау

Уық-кереге басымен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан (сыр талынан) жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді. Мұны уықтың **иіні** дейді. Уықтың жоғарғы түзу жағын **кары** дейді. Шаңырақ көзіне сұғынатын төрт



қырлы ұшын қаламы дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны **уық бау** (балаң бауы) дейді. Уықтың ұзындығы 2 м - 2 м 20 см болады.



Үзік жабу


Шаңырақ - киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез. Шаңырақтың шеңбері 3 - 5 м шамасында. Оны тораңғыдан, сом қайыңнан иіп қиюластырады. Қоспаларын жалтырауық металмен құрсаулайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін **тоғын** дейді. Оған уық сұғынатын төрт қырлы көз қаламдықтарын теседі. Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын-шашын іркілмеуі үшін 45 градус шамасында айқастыра бекітілген ағаштарды **күлдіреуіш** деп атайды. **Күлдіреуіш** арқылы үйге жарық түседі, түтін шығады.

Сықырлауық - жарма есік кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп шығатын есік қызметін атқарады.

Туырлық - керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жерді, үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты, **түндік** шаңырақты киіз есік, есік сықырлауықты жауып турады.

Таңғыш - екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр. Бас арқан - керегенің басын сыртынан бастырып, орап таңатын **қыл арқан**.

Белдеу - туырлықтың кереге тығыз жатуы және оны жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып



Түндігі жабылған киіз үйдің жалпы көрінісі





буатын қыл арқан.

Шалма - уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр. Уық шалғыш **иық бау** деп те атайды.

Желбау - өрнекті, төгілме шашақты құр.


Басқұр - киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі уықпен керегені түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.

Туырлық бау - туырлықты ұстап тұратын, әрі әсемдік үшін түр салынған жалпақ терме бау.

Үзік бау - үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден тарылған, уықтың үстінен айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау.

Бақан - бір ұшын (жоғары) екі аша етіп жасаған ұзын сырық.

Шымши - алуан түрге боялған, қой жүнін орау арқылы тоқылған шиді **шым ши** деп атайды.



Кереге қанаты





КИІЗ ҮЙ ТІГУДІҢ ҚЫЗЫҒЫ МЕН ҚИЯМЕТІ

Мен 1990 жылдан бастап, төрт киіз үйдің іші-сыртын оюлап тіккен екенмін. Осы төрт киіз үйдің, екеуі халыққа қызмет етті. Екеуін әзірлеп отырмын. Қызығы сол, Наурызға немесе той-думанға құрғанда көз тартады, көңілді марқайтады, ал оның істелуіне қанша тер төгудің керек екенін, өзі істеп көрмеген адамның алдын ала баға беріп асығыстық жасауына, мен өз басым үзілді-кесілді қарсымын. Олай дейтінім, бұл үлкен дүние. Оны жүрекпен істейді. Бірақ, оны тігуге кез келген кісінің көңілі жата бермейді. Бұл үшін әшекейдің немесе оюдың қыры мен сырын түсінетін, адам ғана тәуекел ете алады. Ою өрнегі ата-бабамыздан бізге жетіп, жалғасын тауып жатқан мұра. Алты қанат киіз үйдің өзіне (екі ен немесе двойной дейді ғой) 150 метрден астам мата, килолаған шарғы жіп кетеді. Ал оюдың шеті тарқатылып кетпеуі үшін тесьма, дегенге (ол оюды алдымен шетінен айналдырып тігетін жуан жіп) көп қаржы кетеді. Ал жуан жіп немесе жіңішке арқанмен көмкермеген ою, түкке жарамайды. Оның үстіне білгіштер киіз үйді, киізбен қаптау керек дейді. Ол дұрыс. Ал киіз үйдің (қоңыр, қара, боз) қабығын ақ матаға ою салып қаптауды, қазір дәстүрге айналдырған еліміз, бәсекемен матаның сыртына ою салатын болып жүр. Бұл да заманның дәстүрі делік. Бұрынғы бабаларымыз, қыста да малды далаға жаятын болған. Қай жердің тебіні таусылса, орын өзгертіп отырған. Тебін деп қыста қардың астынан, шөпті аяғымен қарды теуіп аршып, жайылуды айтады. Қазіргі заманда киіз үйді мерекелерде сәндікке құрады. 2-3 сағаттық той-думанға киіз үйдің ішінде, сыртында қаптап мереке өткізуге болады. Жазда киізді жабудың қажеті де жоқ. Киізді күтіп ұстау қиындық келтіреді. Күтіп ұстамаған киіз үйдің төбесінен,





күйенің ұрықтары (моль дейді) ішіп отырған асыңа түсіп кетуі мүмкін. Керек десеңіз, сол киіз үйдің ішкі, сыртқы қаптауын тігуге де біраз төзіммен, шеберлік керек. Менің тігіп отырған киіз үйлерім матаға тігілгендіктен (оюларды айтам) мақтаныш болудың орнына, тойтарыс көріп отыр, жазығы киізден тігілуі керек. Бір адам уақытпен санаспай, күн-түн демей тігуге шыдамы жетсе ғана, бұл үлкен дүниені шығаруға болады. Бір киіз үйді әшекейлеп шығу үшін, кемінде мыңдаған доллардың құралдары кетеді. Шашақтау, көрпе, төсеніштерін қосқанда, оюдың бейнеті шаш етекпен. Бірақ, бойында оған ықыласы бар қыз-келіншектер оның қыры-сырын түсінсе және бойында оған деген талант болса ғана барады. Ал қалалы жерде отырған, ондай дарынды адамның, жүннен киіз баспадық деген сынды, мүлде көтере алмауы әбден мүмкін. Сондықтан, шебердің қанша істегісі келсе де, жолы кесіледі. 2005 жылғы, Ақсай қаласында Наурызға тігілген киіз үйлерге бас сұғып қарағанда, Айжан деген қызымыздың құрып жатқан киіз үйінің, ішкі әшекейі көңіліме қонды. Өйткені, ол қызымның бұрында көмек қолын, жоқ-жітікке созып жүргенін еститінмін. Бүгінгі салт-дәстүрге, өнерге көңіл аударып, алдын-ала қаржы шығарып, жақсы әзірлегені көрініп тұр. Ие, Наурыз бар, Жеңістің 60 жылдығы бар, тағы тойларға алба-жұлба киіз үймен шығу ұят болар.

Мені, өнерге ұрпақты қалай баулимыз, оларға рухани құндылықтарымызды қалай дарытамыз деген ойлар қатты мазалайды. Осы мені мазалап жүрген ойларым үлкенді-кішілі ата-аналарды, қыз-келіншектерді, әжелерді де мазаласа екен. Ел басқарып жүрген басшылардың құлағына алтын сырға.





ҚАДІРЛІ АНАНЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Халқымыздың ежелден келе жатқан қолөнер дәстүрін жалғастырушылар туралы сөз етер болсақ, алдымен Дәмелі апа еске түседі. Ақ сары жүзінен байсалдылық пен мейрім шуағы төгілген, осы ананы қай жерден кездестірсең де күлімдей қарсы алып, жылы қоштасады. Жасының егделігіне қарамастан, қашан көрсең де қым-қуыт тіршілікті ысырып қойып, өзінің қолға алған ісінің оябын тауып, қайтсем де қиюын келтіремін деп жүргені.

Ұлағатты ұстаз, көп балалы абзал ана Дәмелі Құсайынқызы, жастайынан қазақтың қолөнерімен айналысып келеді. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, келе жатқан ісмерлік өнер, халықтың арасында мол сақталған. Міне, осы өнерді жалғастырып, оның қолынан тігілген ұлттық киімдерімен, өзі ойлап қиюластырып ойған ою-өрнектері, ел ішінде де көптеп таралған. Яғни, қазақы тұрмыста қолданатын әсемдік бұйымдарды, жабдықтарды, қазақтың ұлттық киімдерін өз қолымен тігеді. Ісмер жанның көз майын тауысып, өз қолынан шыққан бұйымдардары әрбір тігістің, ою-өрнектің өз орны мен атауы, мән-мағынасы бар. Оны ісмердің өзі түсіндірмесе, былайынша өнермен таныс емес сырт жұрт, біле де бермейді.

Сондай-ақ ардақты ананың қолынан шыққан өнер туындылары бір төбе болса, жастайынан қағазға түсіріп, өмір болмысын үн қосқан ақындығы да, бір төбе.

- Мен көп жылдан бері, Жымпиты совхозының Аралтөбе орта мектебінде ұстаз-тәрбиеші болып қызмет атқарып, қолөңбегі пәнінен сабақ бердім. 1971-ші жылы «Лениншіл жас» газетінде, халық арасынан өнер туындыларына жәдігерлер қажеттігі туралы хабарландыруды оқып, өзім ойған ою-өрнектерді, қағазға түсіріп салып жіберген едім. Бұл ойған түрлер олардың да талғамынан шығып, ауылға





жауап хат келді. Совхоз директоры шақырып, ақылдасып маған қаражат беріп, 30 келі жүн сатып алдым. Сол жүнді алты ай бойы өзім тазартып, бірнеше түрге бояп, оюлап екі текемет басып (бірі ақ, бірі қара) және екі жағына да ою салып, біріне «Қазақ ССР-на 50 жыл», екіншісіне «В.И. Ленинге -100 жыл» деп жазып, Республикалық халықтық қолданбалы өнері мұражайына жібердім.

Арада бірнеше күннен кейін, Республикалық халық өнерінің туындыларын сақтайтын мұражайдың ғылыми қызметкері Егимановтан: «Екі текеметті комиссия мүшелері жоғары бағалап, қабылдады» - деген жауап хат келді»- деді апай.

Ол құжаттардың көшірмесі, Дәмелі апаның мұрағатында сақтаулы тұр. Бұл апайдың алғашқы өнер туындысы еді. Міне, содан бері көптеген жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп, қолөнер кәсібімен шұғылданып, неше түрлі ою-өрнекті әсем бұйымдар тігіп, көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Осы қолөнерінің арқасында Мәскеуге барып, Бүкілодақтық көрмеге қатысты. Кейін 1990 жылы апайдың қолымен өрнектеп тігілген киіз үйі, шаңырақ көтереді. Міне, осы көрмеге жіберілген 15 республикадан барған делегацияның алдында, Қазақстанның түкпір-түкпірінен апарылған киіз үйлер тігіледі. «ПТУ-90» (кәсіптік-техникалық училище-90) деп аталған киіз үйі ерекше марапаттауға ие болады. Осылайша, Аралтөбе орта мектебінің ұстазы, Дәмелі Құсайынқызы ерекше мадақталады. Сырым бабамыздың асын беру тойында да осы - Дәмелі ананың қолынан шыққан киіз үйі апарылды.

Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуының 250 жыл толу мерекесіне орай, қазақ халқының батырлары Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлына және оның жасақшыларына арнап екі батыр киетін сауыт-сайман, әскери жасақшыларға 18 пар сыртқы киім, 20 бас киім, 20 әскери





белбеу, 4 найза мен қалқан жасап, өз ауданының мәртебесін шығаруға атсалысты.

Жақында, Дәмелі апаның үшінші киіз үйінің тұсаукесері болды. Үшінші киіз үйі дегеніміз, жоғарыда айтқандай, бірі Мәскеу қаласына көрмеге апарылса, бірін «Ақсайгазсервис» ААҚ-ы иелік еткен еді.

Ісмер ана, тек қана қол өнерімен айналысып қоймайды, қолы босай қалса өлең жазып, домбыра шертіп, ән шығаратын сазгерлік қаблеті де бар. Өткен жылы, «Әке» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұл кітап соғыстан оралмаған әкесіне перзенттік сезімі, басына қойған ескерткіші.

Кітап Ресей Федерациясының көршілес, Орынбор қаласының «Южный Урал» баспаполиграфияның кешенінде, 500 данамен басылып шыққан. Ақын апа өз жырларында туған жер, ана, әке, жастарға тілек, ақындарға арнау, туған еліміз Қазақстан, тағы басқа тақырыптарды кеңінен жырлаған. Ақын өлеңдерінің негізгі арнауы-инабаттылық адамгершіл асыл дәстүрлер, аналық жүректің сыршыл сезімі, әсем жыр болып ақтарылған. Дәмелі апа әрқашан да «думанды өмірден сыбағанды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізінді қалдыр, адамдық атына кір келтірмей, жер беті деген сарайға кірпішінді қала»- дейді.

Осылайша ұл-қыздарын өсіріп мейірім шуағымен, тағылым-тәрбиесімен бойларына ізгілік егіп, баланың бағын баптап, болашаққа қанаттандырған, өздерінен өнген он шаңырақ арқылы, қазағының өрісін кеңейткен Шапай аға мен Дәмелі апайға алғыстан өзге айтарымыз жоқ.

Жайнагүл ОТАРҒАЛИЕВА







Көрпелер



*Дәмелі
Құсайынқызы,
екінші тіккен
киіз үйдің
тұсында*



Наурызда



ӨНЕР АДАМЫ ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Арғы жағын қозғамай-ақ, 1990 жылғы қолөнерім басында бағаланбай, соңынан көзге түсіп Москваға бір рет, Алматыға екі рет, сапар шегіп қайтқанымыз бар. Айтайын дегенім, Москваға барған еңбегіміз күзде Алматда бағаланатын болды. Осы аралықта араға пысықтар түсіп, киіз үйіміз Алматыға қортындылауға қатыса алмады. Жарайды мен бармай-ақ қояйын, әйтеуір қол өнерін халық, көріп жатыр ғой. Москваға барған кісілер, Алматыға барса да, менің тіккен киіз үйімсіз барды. Соған қатты ренжігенім болса керек, менің кеңірдегімнен бір түйіншек пайда болды. Қыс бойы азап шегіп шықтым. Жаз шыға дәрігерге барып қаралсам, сізді нерва ұстап тұрған болар дейді. Айтқандай, ол кезде халық еміне қаралу жаппай белең алған. Жымпиты (қазіргі Сырым) ауданының, Бұлан деп аталатын елді мекенінде, Мария деген емші бар екен. Сол сіңлім түйіншекті шешіп бергеннен кейін, тәуір болдым. Оның бер жағында біраз іс тындырып, халыққа ұсынып жүрмін. 2003 жылғы қолөнерді, облысқа хабардар еттім. Өкінішке орай, сол халқыма қызмет ете алмай үйде тұрып қалды. Соған іштей тынып ренжіген болуым керек, 2003 жылдың аяғына қарай тағы қылғына бастадым.

Күндіз ісімді істеп, шаруамды жалғастырамын да, түнде әлсін-әлсін қылғынып тұрамын. Қазақ емге бара бастадым. Шыдай алмай, бірінен соң біріне бара беремін. Бір күні таңғы сағат алтыда, облыстық тележурналист Ботакөз Баймұқанқызын, ұйқыдағы жерінен қоңырау шалып, Бота, мен ауырып жүрмін, олай-бұлай болып кетсем, менің үйдегі дүниемді жарыққа шығарарсыз, деп өтініш білдірдім. Ботакөз келіп киіз үйді құрғызып, телевизорға түсіріп кетті. Содан бері, бетім бері қарап, қолыма қалам ұстай бастадым.



Ботакөз киіз үйді көрсеткенмен, облыс басшылары менің ісім (киізден жасалмағандықтан) оларға қол еместігін білдіріп отырды.

Кімге қашан хабар тигізгенімді жазсам, қартайғанда жандарын жараламайын деп, іштей өз-өзімді мүжи бердім. Менің қолөнерім түбі пайдаға асатынын білемін. Дегенмен, әр нәрсе уақытанда жарық көріп халқына қызмет етіп отырса, өнер жалғасын таба беретін еді. Бір өнерді көрсек, тамсана қараймыз да, авторын біле бермейміз. Мысалы қазіргі обылыстық, аудандық мұражайлардағы көптеген қол өнерінің иесі жоқ. Мұражайға түскен өнердің түпкі шыққан жерінен, сол өнер иесін іздестіруге болмас па?

Сондықтан, баға жетпейтін мұралар күнсызданып, ақыр аяғында қатардан шығып қалуы мүмкін. Мен бұл жерде өнер дерт, өнер адамы халыққа қызмет етеді дер едім. Сондықтан ондай адамдарды қолдап, қорғап жүру керек. Сәкен Ғұмаровты, Мұратбек Жолмановты да, өлгесін біліп жүрміз. Есіңізде болса, Мұратбек өзінің салған құлагерін өзім дейді ғой. Демек, көзінің тірісінде, құлагердей ышқынып қиналғаннан үзіліп кетуі мүмкін. Немесе ақын жазушыларды қазір бәлен-түген еді деп жүр. Оларды да өнер қысып шыдай алмай, арақ ішіп, түрлі жағдайға ұшырап жүр. Әсіресе, ер адамдар отыра қалып іс істеп, жанын сақтап қала алмайды. Ал жазу, сызу үшін көріп, біліп халық арасына шығуға жағдайы болмаса, тұрмыс тауқыметті қоса жаншып, қиналады. Осыған орай жазушының, ақынның, суретшінің, сәулетшінің тағы басқа, әр мамандықтың өнер тапқыштарын, көзге түскендерін қолдап, көзге түспегенін халықтың арасынан іздеп жүріп, өз халқына таныстырып отырғаннан, халықымыз ұтпаса ұтылмайды. Менің көріп жүрген азабымның түйіні шешілер, шешілмес, жетпісті алқымдап жүрген әжемін. Ал, халқымыздың ортасында осындай жағдайға ұшырап жүрген жастарды, сен аурусың, деп кеудеден итеретін басшылар





болса, олар өнердің емес, басқа мамандықтың адамдары. Ондай адамдар, өнер адамдарының жанын қаралап алармын деп, өздеріне аса сақтықпен қарағаны жөн. Өнер адамы қолында тетігі бар басшының есігін қақпай, басшылар қандай өнер адамы болсын оларды қолдап отыруы керек. Мен өз дертіммен өзім келемін, күрескенімше әлі күресемін. Бетім бері қарап келе жатқан секілді. Астана қаласынан президенттік мәдениет орталығының ғылыми қызметкерлері Ибрагим Шарахымұлы, Шынасыл Кенен деген інілерім, мен жіберген бейнебаян арқылы танысып, республикалық мұражайға менің экспонатымды қабылдап жатыр. Өнер адамын қолдады деген осы. Осы жан айқайымды жазғызып отырған екі жылдан бері тартып келе жатқан жан азабым. Бірақ, отырған жерімде барынша хабардар болып, қолдарынан келгенше көмектесіп жүрген азаматтарға, ризашылығымды білдіремін. Ие, мен ұрпаққа мұра қалдырамын, өз қолымнан шыққан дүниелерімді, өзімнің ғана тіккенімді дәлелдеймін деп, көзі көрген облыстық аудандық журналистердің дәлелді сұхбаттарын, кітапқа түсіруді жөн көрдім.

Бұл болашақ ел басшыларына, соның ішінде мәдениет төңірегінде жүрген басшыларға, сабақ болсын деп жазып отырмын. Мені ақын да, жазушы деп емес, от басынан ұзап шықпаған, мәдениет пен өнерге, соның ішінде қол өнері мен сөз өнеріне жан ашыр ана деп қабылдаған дұрыс болар деп есептеймін.





ТАБЫЛҒАН ТЕКЕМЕТ

Бір күні телевизорды Оралға қосып қарасам, қаздай тізілген, оншақты әжені көрсетіп жатыр. Үстеріндегі ұлттық киімдері, жарасып-ақ қалған. Бірден менің көзіме түскені, олардың аяғының астындағы төсеніштер, кәдімгі ақ текемет. Оюларынан көз алмадым. Менің қолтаңбамнан аумаған. Ертеңіне шыдай алмай, Ботакөз Баймұқанқызына телефон шалдым. Жақсы бастама, өте әдемі көрініс қой, әрине, бұл бастамаға мен қуандым.

- Бота, мен ана әжелердің аяғының астына жайған текемет жайында сұрағым келіп еді - дедім.

- Апа, ол сіздің қолтаңбаңыз, телевидениенің складынан тауып алдым дегені. Қуанғанымды қайтейін. Ой, айналайын, жақсы болды қой, оны тауып алғаның деп, қуанып жатырмын. Қуанған себебім, енді менің қолтаңбам, әжелерімен ұрпаққа жетеді.

1990 жылы, мен алты қанат киіз үйдің іші-сыртын оюлап жарыққа шығардым. Ол сол жылы көктемде, Москвада, бір жұма халықшаруашылығы көрмесіне апарылып, құрылып қайтты. Мен де киіз үйімен бірге барып, бір жұма болып қайтқаным бар. Сол Москвадан келгесін болу керек, ұмытпасам, біздің үйге Оралдан телевидениеден Аманжол Ауқатов деген азамат, қасында орыс оператор жігіті бар, қона жатып, біздің үйді телевизорға түсіріп кеткені бар. Алматыдан жарты сағат көрсетті. Тақырыбын «Халық қазынасы» деп қойыпты. Одан бұрын журналист Ботакөз, менен телевидениеге қолтаңба сұраған болатын. Мен сол Аманжол Ауқатовқа сыйлаған, 3x2 метр оюлаған түскиіздің ретін матаға тігіп әзірлеп жүр едім. Менің көзіме оттай басылған осы текемет.

Мен, ол қолөнерін, телевидениеге сұхбат беруге шақырылған, өнер адамының тұсына іліп қоятын шығар, деп ойлағанмын. Ер адам ғой, онша мән бермеген де, складқа тапсырған. Игіліктің ерте-кеші жоқ, деген осы. Он төрт жыл дегенде, жарық көргеніне де шүкір.



ЖАҚСЫНЫҢ ШАПАҒАТЫ ТИЕДІ

2003 жыл - қой жылының алғашқы айы менің «Әке» атты кітабымның тұсау кесер тойымен басталды. Бұл кітаптың дүниеге келуі, мені көптен толғандырып жүрген дүние болғанымен, ол кітаптың жарық көруі де қанша уақытқа созылары белгісіз еді.

Мен Ақсайға көшіп келгелі, осы кітаптың сыртындағы «Киіз үй» дің суретін қолыма ұстап, осы дүниемді жарыққа шығарып, халқыма ұсынамын, қайткен күнде осы қол өнерімді өлтіріп алмай ұрпаққа жеткіземін деп көп жанталастым. Осы суретпен Өзипа Бақтықұлқызының алдына кіргенім бар. Өкінішке орай, ол азаматтар қол өнерінің қыр-сырын түсіне қоймағандықтан, онша мән беріп, маған қол ұшын соза қоймады. Амалым құрыған мен, қолдағы жинағыммен екі жыл отырып, қазіргі «Ақсайгазсервис» алып қолданып жүрген, киіз үйді тігуге мәжбір болдым. Көнеден, жоқтан бар етіп, құрап тіккен заттан, мен ойымдағы дүниені шығардым деп айта аламын.

Солай бола тұрса да, осы киіз үйдің өрнегін танып, бағалап «Ақсайгазсервис»тің сол кездегі президенті Анатолы Тегісбаев Орынғалиұлы меке- месіне алып, қазір халықтың игілігіне жаратып отыр. Ою өрнегінің бейнеті, кітап жазған жазушы, ақындардың бейнетімен теңгеріліп қалады. Оны тек оюшылар ғана түсінеді.

«Әке» деген кітаптың ортасында, екінші сыртқы бетінде түсірілген киіз үйдің, Наурызда құрылған көріністері бейнетаспаға түсіріліп отырған болатын. Ақсайдан Бақыт-жамал Мұқтарқызы, Оралдан Ботакөз Баймұқанқызы түсірген, сол таспадағы қол өнерін ұрпаққа қалдыру мақсатында біраз тер төктім десем, оған қаламгер журналистердің де көргендік еңбектері сінді дер едім. Атап айтқанда, Қуанышқали Ғұсманов, Сайлау Абылаев, марқым Ибрагим Сейітжанов. Өнерге жанашыр, қолдаушы азаматтарға шын жүрегімнен алғысымды айтқым келетіндігін білдіре отырып, Ақсай қаласының әкімі Сағидолла Батайұлы Еркімбаевке, Ибрагим Қайырұлы Ізмағамбетовке, Жамеледден Ерғалиевке, Самат Ғабидуллинге демеуші болып, кітаптың өмірге келуіне үлкен себепші болғандықтары үшін, «Аналық» алғысымды білдіргім келеді.



Сонымен қатар, кітаптың тұсау кесер кешіне үлес қосқан, азамат-азаматшалардың барлығына, облыстан әдейі келіп кешті жүргізген, облыстық теледидар журналисі Ботакөз Баймұқанқызына, облыстық өлкетану мұражайының директоры Сара Танабаеваға, облыстың мәдинетке еңбегі сіңген дирижер, қазіргі зейнеткер Айман Қуатоваға, Ақсай қаласының оқу ісінің меңгерушісі Дайыр Сапаровқа, №2 орта мектептің директоры Бейімжан Сәлімгереевке кештің мәнді де, тәрбиелі өтуіне атсалысқандары үшін, барлық қатысқан аты аталмаған азамат-азаматшаларға алғыс білдіремін.

Қазақта «Жақсының жапағаты тиеді» деген ұлы сөз бар. Осы кітаптың жарық дүниеге келуіне көңіл бөліп, қажетті ақшаны іздестіріп, көмектескен Ибрагим Қайырұлы Измағамбетов інімнің мына сөзі маған қанат бітірсе: «Сіз кітабыңызды жаздырыңыз, сіз құсап садақа-той демей, барлық әжелер жүретін болса, заман басқаша болар еді» - десе. Аудан әкімі Сағидолла Еркембаев ініміз, сіз: «Ел еркесісіз» - деді. Демек ел еркесі мен емес, «Ақын ел еркесі» - екенін, ақын халықтың сөзін батыл айта алатындығын, түсінген азамат екендігін танытты.

Енді, 1997 жылдан әжелердің жақсы жақтарын ұрпаққа алып қаламын деп қайта-қайта «Әжелер сайысын», «Келіндер сайысын» өткізіп жүрген қызымыз Ғалия Есқұлова мен Талғат Нығметов бұл мәдени шараның басында жүр десем, Ақсай қаласының бұрынғы әкімі Ғұмар Дүйсенбаевпен Өзипа Бақтықұлқызы, менің өнерімді бағаламаса, 1998 жылы Оралға «Әйелдер конференциясына» жолдамаған болар еді. Ақсайда тігілген киіз үйдің жарық көріп халық игілігіне асуына, осы кісілермен сол кездегі «Ақсайгазсервис» департаментінің директоры Айжамал Ажікованың ұлттық өнер тану талғамының арқасында, қол өнері жарық көріп, енді келесі ғасыр ұрпақтарына (мұражай, мұрағаттарға қойылып) жететіндігіне қуаныштымын.

Қымбатты өнер сүйер қауым, менің қол өнеріммен, сөз өнерімді қолпаштауларыңыз сіздердің де ұрпаққа, ата-баба мұрасын шашпай-төкпей жеткізуіңізге қосқан үлесіміз деп түсініңіз. Осы ойларымды, алғысымды халқымның ортасына ұсына отырып, ұрпаққа «Мұра» деген кітапты қалдырып отырмын.





БІР ҮЗІК СЫР

Халқымыздың ежелден келе жатқан қолөнер дәстүрін жалғастырушылар туралы сөз етер болсақ, Дәмелі апайға ерекше тоқталып өтуге болады. Ұлағатты ұстаз, абзал ана, жастайынан қазақтың қолөнерімен айналысып келеді. Ол тіккен ұлттық киімдер, өзі ойлап шебер қиылыстырып ойған ою-өрнектер, ел ішіне көптеп таралған. Ол кісі, кезінде текеметке түр салып, түс киіз өрнектеп, халқына көп жәрдемін тигізді. Нақыштап ою-өрнек салу, сәндеп киім пішіп-тігу өнері болса, саусағынан бал тамған шебер атанған апамыз, өнердің бір ғана саласымен айналысып отырмаған. Ол өзінің бірқатар өлеңдеріне, ән де шығарған. Дәмелі апайдың «Өзімді таныстыру» деген өлеңінде:

«...Он балалы болғасын батыр дейді,
Өлең жазып жүргесін ақын дейді.
Жас кезімнен оюмен айналысам,
Халқым мені өнерге жақын дейді.
Кейде менің кеудемді, ән кернейді,
Шабыт қысса ырқыма, әл келмейді.
Өзім жазған өлеңге ән шығарам,
Оны білген ағайын сазгер дейді...» -

деп өзі жырлағандай, ардақты ананың қолынан шыққан өнер туындылары, бір төбе болса, кеудесін кернеп, өмір болмысына үн қосқан ақындығы да, қомақты дүние. Жастайынан қолына қалам ұстап, өзін толғандырған сан-алуан сырды, ақ қағазға түсірген ақын, алғашқы өлеңдерін «Жұлдыз» журналына жіберіп отырған.

Журналдың сол кездегі қызметкері, марқұм Берқайыр Аманшиннен хат алады: «Қырқына шыдағанда, қырық біріне де шыдарсың, өлеңдеріңді қарап, сұрыптауға Мариям апайға жібердік, бұйырса жарық көріп қалар» - деген мағынада.

Алайда белгісіз бір себептерден, өлең жарыққа шықпай, рухани қиянат шеккен ақын, көп жылдар тұралап қалады. Жаны жараланған нәзік жанды ақын, он жылы бойы жүзде-



ген өлең жазып жолдаса да, орынды ілтипат естімегесін, біраз уақыт өлеңмен қош айтысып, жазбай кетеді. Сол күндерді еске алған апай: «Өлең жазуды қойып кеткенім тамағыма бір түйін тұрып қалғандай, өз-өзімнен булығып, қатты ауруға шалдықтым. Бойымдағы дерттен арылуды ойлап, енді бар күш жігерімді қолөнерге бағыштадым. Алайда қанша жерден жазбайым деп ойласамда, өлең мені қайта іздеп тапты» - деп сыр шертеді.

Ара-тұра «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері» - журналдарына мақалаларды жіберіп тұрған. 1971 жылы «Лениншіл жас» газетінде халық арасынан өнер туындыларынан, экспонаттар қажеттігі туралы хабарландыруды оқып, өзі текемет пен түс киізге арналған оюларын, бархар қағазға түсіріп, салып жібереді. Бұл ойған түр олардың талғамынан шығып, сол уақыттағы совхоз директорына қатынас хат келеді. Директор киіз басуға деп 30 килограмм жүнге ақша береді. Сол жүнді тазартып алты ай бойы түтіп, бірнеше түрге салып бояп, оюлап екі текемет басып (бірі ақ, бірі қара), және екі жағынан да ою салып, біріне «Қазақ ССР-на 50 жыл», біріне «В. И. Ленинге - 100 жыл» деп жазып, Алматыға жібереді. Біраз уақыт хабарсыз кеткесін алаңдап, «Орал өңірі» мен «Лениншіл жас» газеттеріне текеметтерінің қайда барғанынан, мәлімет алып беруін сұрап хат жазады. «Екі газеттің де, сол кездегі тілшілеріне көп рахмет, іздестіріп, тауып, өзіме жауап хат жіберді. Ол хатта, Республикалық халық өнерінің туындыларын сақтайтын мұражайының ғылыми қызметкері Егиманов: «Екі текеметті де комиссия қабылдап, тиісті бағаларын қойғанын және алыс-берістің №147 және №148 актілерін жіберіп отырғанын» - хабарлайды. Ол құжаттардың көшірмелері апайдың мұрағатында сақтаулы. Бұл апайдың қияға қанат қаққан, алғашқы өнер туындысы еді. Осы қол өнерінің арқасында Москваға барып, Бүкілодақтық көрмеге қатынасады.

1990 жылдың Наурыз мерекесінде, Жымпиты ауданында апайдың қолымен өрнектеп тігілген киіз үйі шаңырақ көтереді.





15 республикадан барған делегацияның алдында, Қазақстанның Қарағанды, Шымкент, Орал облыстарынан апарылған киіз үйлер тігіледі. «ПТУ-90» (кәсіптік-техникалық училище-90 деп аталған осы көрмеде, Орал облысынан барған киіз үй, ішкі - сыртқы көрінісімен көз тартып, ерекше марапаттауға ие болады. Киіз үйді жабдықтап, өзіндік қол таңбасымен із қалдырған, қолөнер шебері Аралтөбе орта мектебінің, еңбек пәнінің мұғалімі, Дәмелі Құсайынқызы ерекше мадақталады. Ол жайлы «Учитель Казахстана», «Ана тілі» және Жымпиты аудандық «Қызыл ту» - газеттерінде мақалалар жарияланады.

1992 жылы, Сырым бабамыздың асын беру рәсіміне де, осы Дәмелі апаның қолынан шыққан киіз үй, астана төрінен орын алды. Киіз үйге бас сұққан жақсылар мен жайсаңдар, апай қолынан дәм татып, дастархандас болды. Елден апарған дәм-түз, сыйлы қонақтарға тартылды.

Махамбет сарбаздарына арнап, жиырма шақты ұлттық батырлар киімін, барлық сауыт-сайманын, ер-тұрманымен жабдықтап, театрландырған қойылымға да, қомақты үлес қосады. Өз ауданының мәртебесін шығаруға ат салысты. Айта берсек, апайдың еңбектері ұшан-теңіз. «Істің жайын тіккен білер, оттың жайын жаққан білер» - деген, іс тігіп, оны мінсіз шығару, кез-келгеннің қолынан келмейтін жұмыс. Әрбір ою-өрнекке әдемілікпен қатар, терең мағына беріп, ерекше ой түйіндеу, айрықша қасиетті қажет етеді. Мысалы, «АқсайГазсервис» алған киіз үйі, әсемдігімен қатар, сыртындағы өрнегінің өзі мағына береді. Бірі жоғарыдан тамып тұрған мұнайды бейнелесе, енді бірі жер ана қойнауынан шығып жатқан, газ бен мұнай алаулары іспеттес, түрі де соған лайықтанып боялып, ойылып салынған. Жанып тұрған алау, тамшылаған мұнай, жер ана төсінен селдей аққан газ бен мұнай, төгілген тер, соның ырыс-берекесі, өзгенің өзегіне түспей, ұрпағына бұйырғай деп, көзден аққан ыстық жас, киіз үйдің әрбір өрнегінен үн қатқандай.

Өршіл ақын өнер саласында, кейде қиянат көріп қалып





жүрсе де, өмірді өлеңмен өрнектеп келеді. Ол кісінің қаламынан туындаған өлең шумақтарына, тоқталар болсақ, ақын ана - туған жерге, еліне, тарихи тұлғаларға, патриоттық тақырыптарға да, қалам тербеген. Оның «Туған жер толғауы», «Өлеңті», «Жүрегім сағыныштан ауырады», «Туған жерден айналам» - деген өлеңдері, туған жері мен еліне арналса, «Заманымды жырлаймын», «Тәубеге халқым, келейік», «Тәуелсіздіктің құрсауын шешіп берді» - атты өлеңдері, тәуелсіздіктің онжылдығы мен желтоқсан құрбандарына арналған.

... Жетімді көрсек, қолтықтап сүйеп демейік,
Асқақ рухты, көкіректерге себейік.
Төзімі, темір, халық едік қой қашаннан,
Тәуелсіз елміз тәубеге халқым, келейік!..» деп толғайды.
Жастарды өнер, білімге шақырады.

...Білім қажет, қорғау үшін намысты,
Білім қажет, болжау үшін алысты.
Білім қажет, түсу үшін таласқа,
Қолдан беріп, алмау үшін табысты...»

Соғыс ардагерлеріне, соғыстан оралмаған әкеге сағыныш, анаға деген ыстық ықылас толғаулары бір төбе. «Әке туралы баллада», «Бақыл бол, анам, бақыл бол» - деп сыр шертеді. Ұлы тұлға, аға буын өкілдеріне арнаған өлеңдері: «Мұхтар аға - мәңгілік бағдарлама», «Елбасына», «Елбасына сенемін» деп аталады. Өз замандастарымен, өзінен кейінгі жас буынға, өнерге қанат қаққандарға, арнаған бірнеше өлеңдері бар.

«Абайлаңдар, адамдар абайлаңдар!».
Тарих дейтін алдыңда, шар айнаң бар,
Тарих бетін ақтарып қарағанда,
Қызармаудың жақтарын, қарайлаңдар!..

... Абайлаңдар, адамдар абайлаңдар!
Ұят деген мықтыға қарайлаңдар,
Сенің басқан ізіңмен жүретұғын,
Ұрпақ деген артыңда шар айнаң бар.

- деп жүрек жарды, сырын шертеді.





Сиясы кетпеген жаңа туындысы, кешегі боксте, ел намысын қорғаған, батыл ұландарына: «Жарайсындар, қырандар» - деп үн қатады ақын анасы.

Қос өнерді, өзіне жастайынан серік еткен абзал жан, үлкен жанұяның ұйтқысы, аяулы жар, асыл ана. Жан серігі Шапай аға екеуі, он бала өсіріп, ұлын-ұяға, қызын-қияға ұшырған жан. Ұл-қыздарының бәрі де мамандық иелері. Бір кезде ана өзін, он қазыққа байлаулы отырмын деп: «Он қазық» - өлеңін жазған екен.

«Өзімді он қазыққа байлап алып,
Отырмын от басында ойда қалып.
Босанып он қазықтан шығар болсам,
Әннен сел ағызарым айдан анық».

Алайда ол түйін, әлі де шешілмей, түйіле түскен сияқты. Бір кезде, баспасөз бетінде: «Бөліске түскен кемпір» - деген мақала жарық көріп еді, сол сияқты апайды да, бір күн үйінде байыз тауып отырғызбайтын, осы балалары мен немерелерінің қамы. Бәріне де, ана керек. Сонда да, қаламы жүйірік ақын ана, толғандырған мәселерді қағаз бетіне түсіріп отырады.

Апай еңбегі, халқынан әрқашан, өз бағасын алып отырады. Өкімет тарапынан да, кезінде біршама марапаттаулар алған. Ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына арнап өткізілген, «Ақ жаулықты, әжелер» - байқауының үздігі, Бөрлі ауданы бойынша «Шеберлік» атағы берілді.

Алдағы уақытта осы, қос өнер де жинақтап, сұрыптап шығаруды, сұранып тұрған қомақты дүниелер. Жеке кітап етіп шығарса, шашылмай ұрпақтар қолына жетер еді. Асылымызды бағалай білгенге не жетсін.

Орал қаласы

Рая ҚҰМАРОВА,



Исх № 192
от 1/II-72 г.

Құрметті Дәмелі апай!

Ден сау жақсы боларсыз. Сіздің жазған хатыңызды алдық. Сізден алынған екі текеметті экспертті комиссия біреуін 120 сомға, екіншісін 130 сомға бағалады.

Егерде комиссияның осы бағасына риза болсаңыз сізге жіберіліп отырған акті мен счетті толтырып хат арқылы бізге қайтаруыңызды сұраймыз. Документтегі барлық сұрақтарға толық жауап беріңіз. Актінің бір данасын өзіңізде қалдырыңыз. Осы документтерді алысымен сіздің заттарыңыздың ақшасы почта арқылы жіберіледі.

Актінің бір данасын өзіңізде қалдыруды ұмытпаңыз.

Құрметпен, музейдің ғылыми қызметкері.

2.11.1972 ж.

Егиманов

_____ *Өнерді дәлелдейтін құжаттар*

УТВЕРЖДАЮ:

Директор музея

" " " 197 г.

А К Т № 147

на поступление на постоянное хранение в Республиканский музей народного прикладного искусства экспонатов

Алма-Ата

" 1 " февраля 1972 г.

Настоящий акт составлен в том, что сего числа приняты на постоянное хранение в Республиканский музей народного прикладного искусства главным хранителем Степановой Тамараковна от Курсановой Дамели

нижепоименованные предметы:

1 Телечес

120 руб

ОСНОВАНИЕ:

Настоящий акт составлен в 3-х экз. и вручен подписавшим его лицам.

Сдал Д. Курсанова (Курсановой)

Принял ()

Главный хранитель музея +)

Курсанова
Дамели
1972

УТВЕРЖДАЮ:

Директор музея

" " _____ 197 г.

А К Т № 148

на поступление на постоянное хранение в Республиканский музей народного прикладного искусства экспонатов

№ - Дата

" 1 " февраль 1972 г.

Настоящий акт составлен в том, что сего числа приняты на постоянное хранение в Республиканский музей народного прикладного искусства главным хранителем Степановича Паледраска от Куцаиновой Валеры

нижепоименованные предметы:

1 Стекло

120 руб

ОСНОВАНИЕ:


Настоящий акт составлен в 3-х экз. и вручен подписавшим его лицам.

Сдал В. Куцаинова (Куцаиновой)

Принял ()

Главный хранитель музея + ()





УТВЕРЖДАЮ
Директор Бурлинского районного архива Бокаев М.Б.
«14» 07 2004 г.

АКТ №2

На поступление постоянного хранения в Бурлинский районный архив документы личного происхождения

«14» 07 2004 г.

г. Аксай.

Настоящий акт составлен в том, что число приняты на постоянное хранение в Бурлинский районный архив документы личного происхождения от Кусаинова Дамели нижелпоименованные документы:

1. Сборник стихов 2002 г. издания издательство « Южный Урал» г.Оренбург-1 ед.
2. Черновик стихов и издательство - 1 ед.
3. удостоверение матери героины Москва, Кремль 1890-1980-1 ед.
4. Автобиография - 1 ед.
5. фото- внутренний вид юрты - 1 ед.
6. фото- внешний вид юрты - 1 ед.
7. Почетная грамоты - за активное участие в пропаганде Казахстана национальных традиции-1988 г.
8. Грамота - состязание акынов-1987 г.
9. Грамота - Всесоюзный фестиваль самодеятельного народного творчества- 1987 г.
10. Диплом - состязание акынов -1989 г.
11. Почетная грамота - участник выставки -ярмарки изделия -1990 г.
12. Диплом - «Ак жаулықты әжелер»Тәуелсіздіктің 10 жылдығы -2001 г.
13. Диплом - « Наурыз мейрам» -1989 г.
14. Почетная грамота-эдебият пен қаркем өнерді насихаттаушы.
15. Почетная грамота - достигнутые успехи социалистического соревнования - 1968 г.
16. Почетная грамота - за достигнутые успехи социалистического соревнования - 1960 г.
17. Почетная грамота - за достигнутые успехи в социалистического соревновании в 4 квартале 1968 г.
18. Почетная грамота за творческие успехи на областном
19. Диплом -«Наурыз-ою» мерекесінде -1990 ж.
20. Почетная грамота 3 облыстық қоспа-қоспа конкурс-конкурс семейных художественных ансамблей -1989 г.
21. Фото- участники конкурса

Сдал:
Принял:



Кусаинова Д
Бокаев М.Б.



ӨНЕР ӨРГЕ АПАРАДЫ

Халқымыздың ежелден келе жатқан қолөнер дәстүрін жалғаушылар туралы сөз етер болсақ, алдымен есімізге Дәмелі апа түседі. Ауданымызда, Дәмелі апаны білмейтін адам кемде-кем.

Ұлағатты ұстаз, ақын, көпбалалы ана - Дәмелі Құсайынқызы жастайынан қазақтың қолөнерімен айналысып келеді. Ұрпақтан-ұрпаққа, мирас болып келе жатқан ісмерлік өнерді, апамыз жалғастырып, оның қолынан тігілген ұлттық киімдер мен өзі ойлап қиюластырып ойған оюлары, ел ішінде көптеп таралған.

Ардақты ананың көз майын тауысып, қолымен өрнектеп тігілген үш бірдей киіз үйі, бірнеше көрмелерге қатысып, лайықты бағасын алды. Әрине, киіз үй бұйымдары, оның ең көрнекті жасаулары туралы ісмердің өзі түсіндірмесе, былайынша өнермен таныс емес жұрт біле де бермейді.

Қазақ ежелден мәдени мұраға кенде болмаған. Әсіресе, халқымыздың қолөнері бай әрі сан-салалы. Бірақ, ол бүгінде жеткілікті зерделенбей отыр. Себебі маман аз, насихатшы тапшы. Менің әкемнің ағасы Жуымбай атақты шебер, ерші, домбырашы кісі болыпты, осы атамның қолөнер шеберлігі әсер етсе керек, өз әкем де он саусағынан өнері тамған шебер болыпты. Ол ер тоқым жабдықтарын жасайтын, етік тігетін. Өте жас болғаныма қарамастан, ер жасап, етік тігіп жатқан атамның жанынан шықпаушы едім. Сол өнер маған да қонды ма деймін, тұрмыста қолданылатын әсемдік бұйымдарды, жабдықтарды, ұлттық киімдерді өз қолыммен тігемін. Сондай-ақ, оны шамам келгенше насихаттап жүремін.

Киіз үйді безендіруде түрлі-түсті басқұрлар, өзінің қиынын қиыстырылып келген, неше түрлі геометриялық фигураларымен айшықталып, мүлтіксіз жасалуы керек.



Қызыл басқұр немесе ақ басқұрмен, неше түрлі баулар, салмалар, тақыр кілем, сырмақтар, тұс-киіздер - киіз үй жасауларының ішіндегі, ең көрнекті бұйымдар. Үйленетін жас жұбайларға арналған шымылдық, тұскиіз, төсек-орын, киім үстіне тұратын жапқыш, сандыққап, түйе жабу оюы бедерленіп қолдан ойылып, қашалып, тігіп жасалады.

Киіз үйдің жиһаз-жабдықтарын айтатын болсақ, туырлық бау дегеніміз - туырлықты ұстап тұратын, түр салынып, 15-25 жіптен терілген, әсемдік үшін жалпақ етіп тоқылған бау.

Жел бауды салма деп те атайды. Бұл шаңырақ көтерген кезде, дауылмен желде, үйді бекендеп, шаңырақтан төмен бастырып тұру үшін пайдаланатын төгілме, шашақты бау.

Түндік бауды, түндіктің төрт бұрышынан байлайды. Үзік бау деп үзіктің екі шетінен, үш жерден, алты немесе екі-екіден төрт баумен, айқастыра тартылатын, жалпақ етіп тоқылған, уықтың үстінен бастырыла байлайтын бауды атайды.

Аспа бауды салма деп атайды. Ол - уықтың иінінен сәндік үшін, шашақтап түсіріп қоятын бау. Уық бауымыз - уықтың аяғын, керегенің басына бекітетін бау. Уық шалғышты иық бау деп те атайды.

Ал, аяқ бау уықтың иінінен, төрт жерден үйдің ішіне сәндік үшін тағылады.

Керме - киім-кешек, ондай-мұндай жұмсақ заттарды салатын, киіздің бетіне неше түрлі ою-өрнек жүргізілген, кестелі төгілме шашақты, екі жағында күлтеленген бауы бар, бір жағынан сәндік үшін тұтынылатын зат. Ол Қазақстанның Маңғыстау облысының Маңғыстау, Өзен аудандарында тұратын қазақтардың, күнделікті тіршілігінде пайдаланатын үй мүлкі ретіндегі белгі.

Үлкен үш бірдей киіз үйіміз, бірнеше рет көрмеге қатысып, көпшілік назарына ұсынылды. Атап айтсақ, Сы-





рым Датұлының 150 жылдық мерейтойында, Жымпиты ауданының 70 жылдығына арналған мерекеде, 1990 жылы Мескеуде Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінде, 1992 жылы Алматы қаласында, Сырым бабаға ас беру рәсіміне арналған жиында қойылды. Іші-сырты оюланып, әшекейлеп жасалған киіз үйлер, көрермендерден жоғарғы бағасын алды. Ауданда сахналандырылған Исатай мен Махамбетің сауыт-сайманын, олардың сарбаздарына, сыртқы киім, бас киім, әскери белбеу тігіп дайындаған болатынбыз. Бұл ісіміз де лайықты бағаланды.

Мен бұл жетістікке көп тер төгіп жеттім деп айтар едім. Осыған орай өнердің қай түріне болсын, икемі бар інілеріме, сіңлілеріме, қыздарыма, замандастарыма айтарым: өнер қуындар, не болса соған өкпелеп жарты жолда қалып қоймаңдар, дегенге саяды. Көп ізденісің, түбі әйтеуір бір жақсылыққа апарар жол болатынына, өнерлі қандастарымды сендіргім келеді.

*«Қазақстан музейлері» -
журналының,
2004 жылғы 4 санынан.*

Астана қаласы.





**Людмила Немировская -
корреспондент телестудии «Карачаганак»,
г. Аксай:**

- В нашем городе живёт удивительно замечательный, творческий человек Дамиля Кусаинова. Она мать-героиня. Вместе с мужем воспитала 10 детей, у неё прекрасные внуки, а ещё золотые руки. Невозможно перечислить все названия казахских национальных орнаментов, которые она использует в одежде, шитье, убранстве юрты. Затеиливые, неповторимые, красивые узоры творит Дамиля апа, вкладывая в них душу и любовь. Особого внимания заслуживают её стихи - это «струны» её души. Доброе дело творит наша мудрая, талантливая землячка Дамиля Кусаинова.

1998 жылдан, менің қолөнерімді халыққа уағыздап,
бейнебаянға көшіріп отырған журналист.



***Перегудов Олег Алексеевич -
директор ТОО «Телестудия «Карачаганак»:***

- Творчество Дамили Кусаинкызы вызывает искреннее восхищение. Это яркий пример народного творчества. Когда смотришь со вкусом подобранную цветовую гамму, сочетающуюся с великолепным орнаментом, то ощущаешь гармонию истинного произведения искусства. В оформлении юрты ощущаются идущие из веков традиции казахского народа в их современной интерпретации.

1998 жылдан бері, менің қолөнерімді телевиденияға түсіріп, халыққа уағыздап, бейнебаянға көшіріп отырған, осы азаматқа алғыс айтамын.



ТВОРИТЬ ДОБРОЕ ДЕЛО - УДЕЛ СИЛЬНЫХ ЛЮДЕЙ!

Будучи в городе Аксае, я познакомилась с очень удивительной женщиной. О ней много написано на казахском языке, поэтому я решила познакомить с ней русскоязычную читательскую аудиторию газеты «Жайық ұстазы». Возможно, многие из вас видели на экране областного телевидения фотозаставку телепередачи «Ақ босаға». Это фотография Кусаиновой Дамели апай. Ее творчеству была посвящена и эта передача.

Несмотря на свой преклонный возраст, она очень энергична, очень деятельна. Каждый ее день проходит в работе, в общении с людьми. Каждое ее слово на родном языке выразительно, богато определенным смыслом, значением. Кусаинова Дамели апай - мать-героиня, воспитала вместе с мужем десятирех детей. У нее золотые руки, умеющие творить, выразить свое отношение к миру на ткани, в поэзии. Она пишет замечательные стихи, которые передают всю глубину ее души в моменты творческого подъема, вдохновения, и порой эти строки превращаются в песни, рождая мелодии, звучащие в ее сердце. Кусаинова Дамели - автор сборника стихов «Әке» («Отец»), который вышел в Издательско-полиграфическом комплексе «Южный Урал», в городе Оренбурге, при содействии земляков-предпринимателей. Этот сборник явился своеобразным итогом ее творческих исканий, но автор считает, что впереди у нее еще много работы.

Все началось много лет назад, тогда она была молода и полна сил, но были тогда определенные трудности, которые помешали реализовать свои замыслы. Работая в Аралтүбинской средней школе педагогом-воспитателем, вела уроки труда, учила своих учеников шитью, передавая свои умения и опыт. Однажды в газете «Ленинская смена» (1971 г.) она прочитала о том, что в республике открыт музей прикладного искусства и туда нужны были ручные работы народных умельцев, чтобы сохранить и передать последующему поколению национальные традиции казахского народа. Она отправила рисунки-эскизы своих орнаментов, получила заинтересованный ответ. С тех пор она стала заниматься этим нужным людям делом.



Невозможно перечислить все названия казахских национальных орнаментов, используемых в шитье, одежде, убранстве наружной и внутренней части юрты. Об этом может рассказать только сам мастер. Две ее работы из шерсти - текемет с цветным орнаментом (кошма), посвященные 50-летию Казахской ССР и 100-летию со дня рождения В.И. Ленина, были высоко оценены Республиканским музеем народного творчества, где они до сих пор хранятся.

В 1990 году Кусаинова Дамели в составе республиканской делегации побывала в городе Москве на выставке, в ВДНХ, где демонстрировалась ее первая войлочная юрта с орнаментами, созданная ее умелыми руками. Вторая юрта была подарена ею компании «Аксагазсервис». Недавно прошла презентация третьей юрты, внешнее и наружное убранство которой были выполнены ее неутомимыми руками. Она принимала участие в шитье и оформлении многих национальных костюмов. Здесь невозможно все перечислить, в этом нет необходимости, главное то, что она всегда участвовала в процессе творчества.

Я видела, как проходит этот нелегкий, кропотливый процесс. Дамели апай не нужны лекала, она творит все на глаз, точно вырезая из многометровой шелковой ткани, которая скользит в руках, затейливые, неповторимые узоры казахского орнамента, у нее это получается красиво в строгой последовательности. Здесь нужны терпение и огромная любовь к тому, что делаешь, и понимание необходимости оставить после себя заметный след. Это осознание пришло давно, этому делу посвящена долгая жизнь.

Поражает целеустремленность этой мудрой женщины. Дамели апай не устает трудиться и заставляет задуматься о значении культурного наследия в жизни подрастающего поколения, и она готова поделиться своим опытом, знаниями с молодежью. Я уверена, что кропотливый труд Кусаиновой Дамели воздастся сторицей, земляки по достоинству оценят ее вклад в общее дело.

Творить доброе дело - удел сильных людей!

К. НИГМЕТОВА

г. Аксай.





ОДЕЖДА ДЛЯ ЮРТЫ

Есть мнение о том, что настоящий талант всегда проявит себя. История Дамили Хусаинкызы только подтверждает это. Для нее любимое дело не стало призванием. Но и незамеченным тоже не осталось.

Впрочем, талантов у нее много. Выросла в отдаленном ауле, в многодетной семье. Сызмальства привыкла нянчить малышей. Поэтому и решила, что нет лучшей доли, чем воспитывать детей. Сначала работала воспитателем в детском саду, потом преподавателем труда в школе. Муж по профессии тоже был учителем. Рождение каждого ребенка супруги считали самой большой радостью в жизни. Десять сыновей и дочерей вырастили они. Несколько из них унаследовали родительскую профессию - стали педагогами. Есть врачи, предприниматели, экономисты. Всеми можно гордиться. Подрастают четырнадцать внуков.

С самой ранней юности Дамиля пишет стихи. Записывать их она стала только после двадцати лет. Слова как бы сами по себе складывались в строки и строфы. Сейчас сама удивляется тому, как ей удавалось за бесконечными хлопотами в большой семье улучать минутку, чтобы прислушаться к тому внутреннему голосу, который рассказывал о счастье материнства, любви к родному краю, раздолье бескрайних степей.

Все это можно было передать не только словами. Еще в семидесятых годах она изготовила свой первый текемет. Перебирала шерсть, красила её в разные цвета. Под ее руками на кошке расцветали дивные узоры. Причем с двух сторон ни один из орнаментов ни разу не повторялся. С тех пор это стало правилом ее работы. Рисунок орнамента всегда должен быть новым. Дамиля никогда не обучалась ни стихосложению, ни изобразительному искусству. Гармонию



звучок и красок она чувствовала интуитивно. И своих учеников учила понимать красоту.

Теперь трудно сказать, было ли это случайностью или до областного центра дошли слухи об умелице из дальнего аула. Но когда область готовила свою экспозицию для демонстрации на ВДНХ, оформление юрты было поручено Дамиле. Она с гордостью показывает фотографии, на которых снята рядом с нарядной, переливающейся богатством орнаментов юртой. Это было в 1990 году. Гостей в юртах тогда принимали в Москве несколько казахстанских областей.

- Наша юрта, - рассказывает Дамиля-апа, - была признана самой красивой. В ее изготовление я душу вложила. Подбирала ткани, тесьму, цветовую гамму. Сшила несколько вариантов орнаментов, экспериментировала с расположением центров симметрии. Оставила те, которые показались наиболее удачными.

И, как оказалось, не ошиблась. Работа настолько захватила ее, что, закончив первую юрту, вскоре приступила к изготовлению наряда для второй. Новая демонстрировалась на выставке в Алматы. Когда закончила вторую, поняла, что увлечение стало потребностью.

- Я чувствовала себя больной, не находила себе места, пока не начала работу над третьей юртой, - говорит она.

Годы летели быстро. Подошел пенсионный возраст, и дети перевезли родителей из дальнего села в город Аксай. Времени для любимой работы стало гораздо больше. очередную юрту приобрела фирма «Аксайгазсервис». С каждым своим произведением - а иначе эти дивные узоры и не назовешь - Дамиля расставалась не без труда. Хотя и знала, что старается не для себя, а для людей. Но ведь на изготовление одной юрты уходило, как минимум, полтора-два года.

Это целая наука, наполненная глубоким философским





смыслом. Внутри и снаружи расшитые полотна располагаются в строгом порядке. Каждый изгиб, поворот орнамента имеет определенный смысл. Дамиля-апа раскладывает уже готовые покрывала. Их названия звучат как имена собственные - калауыш, сырмак, баскур, колбау. Ученые до сих пор бьются над разгадкой таинственных свойств пирамиды. Дамиля уверена, что и под шаныраком существует совершенно особая энергетика, придающая силы и благоприятно влияющая на человека. Предки-кочевники были мудры и дальновидны. Они старались сделать свои жилища не только удобными, теплыми, легкими, но и красивыми. Искусство изготовления и украшения юрт формировалось веками.

Объяснить, как рождаются все новые и новые узоры и орнаменты в ее воображении, Дамиля-апа не может. Рассказывает, что никогда не пользуется эскизами. Вырезает сразу ножницами по ткани. Говорит сердце подсказывает. Нужно только уметь прислушиваться к нему. Наверное, это и есть процесс творчества, искать объяснение которому не имеет смысла. Сейчас она шьет наряд для самой большой по диаметру юрты. Очень надеется, что она попадет в музей. Все предыдущие, как она рассказывает, использовались, что называется по назначению. Соответственно, быстро изнашивались. Ей же хочется, чтобы ее замысел, соцветие красок, тонов, органично переплетающихся линий орнаментов хранились как можно дольше.

Все эти годы она не переставала писать стихи. Естественно, что со временем они стали иными. Теперь все чаще она пишет не о том, как живет человек, а для чего. Смысл бытия, самопожертвование, готовность всего себя отдать людям, умение ценить простые радости - шум дождя, белизну первого снега, мир и покой в природе и в доме - это искренний рассказ умудренного жизнью человека. Дамиля не





помнит отца. Она старше начала войны всего на три года. Отец погиб на фронте. Он всегда хотел иметь сына. Но рождались только девочки. Она была третьей из пяти. И отец дал ей имя, которое в переводе с казахского значит «ожидание».

Недавно в Оренбургском издательстве вышла первая книга ее стихов. Дамиля назвала ее «Аке». Посвятила книгу отцу и шестидесятилетию Победы. На состоявшейся презентации поэтического сборника говорилось о том, что годы не властны над памятью. Сколько бы лет ни отделяло нас от войны, нужно всегда помнить о том, какой ценой досталась победа. И передавать эту память молодым. Сегодня люди стали жить лучше. Но какие бы прекрасные, удобные и просторные дома ни строились сейчас, умение изготовить юрту тоже не должно быть утрачено. Это поистине народное ремесло. Его, как большую драгоценность, следует тоже передавать из поколения в поколение - по наследству.

Себя Дамиля Хусаинкызы считает человеком счастливым и очень богатым. Ее главное достояние - дети, юрты и стихи.

Людмила КОРИНА





өнері тамған ісмерлер, көнекөз шежірешілер де бар екен.

Байқау аяқталды. Әділқазылар бағасын беріп, жеңімпаздарды анықтады. Бірінші орынды, ең жоғарғы балға ие болған, Дәмелі Құсайынқызы, екінші орынды, Киров ауылының атынан келген, Әсия Мұхитова жеңіп алды.

Олардың біріншісіне кілем, екіншісіне кілем-палас, сыйға тартылды. Үшінші орынға, екі әже Ақлима Рабаева Тұңғыш ауылынан, Жәмиға Жаңабаева Қызылтал ауылынан ие болды.

Әділқазылар алқасы өзара ақылдаса келіп «Ең білімді» - ақсулық Зылиха Еңшібаеваға, «Ең салмақты, әрі биязы әже» - Ғазиза Баймұқашевағы, «Ақ жарқын және еңбекқор әжелер» - деп Қарлығаш Мизатқызы мен Зәуреш Құрманованы атады. Олардың бәріне де сыйлықтар тапсырылды.

Аудан әкімінің орынбасары Өзипа Бақтықұлқызы, сахнаны әшекейлеп көркемдеуге үлес қосқан ісмер әже Дәмелі Құсайынқызына, арнаулы сыйлық табыс етті.

Байқау аралығында, аудан көркемөнерпаздары ән шырқап, би билеп, сахналық көрініс көрсетті. Олардың ішінде әншілер, Омар Хибашев, Мұхит Бірәнов, аудандық «Жас дарын» байқауының жеңімпазы Диана Нұрғазина, қазақ халық биін «Киіз басуды» билеген Абай атындағы № 4 орта мектептің бишілер тобы (жетекшісі Айнұр Мұқанғалиева), халық биі «Аққуды» билеген Руслана Салманова (жетекшісі Нағима Ерғалиева), «Мороз» сахналық көрінісі (авторы Әтіргүл Шайзадақызы), орындаушылар Әтіргүл Шайзадақызы, Нағима Ерғалиева, Дәмелі Ташинова тағы басқалар болды.

Қ. ОРЫНБАЕВ





ӘКЕНІҢ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Папа, сезесің бе, мен сені қатты жоқтадым қой. Өмірде нендей мақсаттарға жете алмасам, сенің аяулы алақаныңмен, қамқорлығыңның жетпегені деп ойлаймын. Мен сені, көзіме елестете алмаймын, өйткені, сен 1941 жылы соғысқа кетіпсің. Мен ол кезде, төрт жасар баламын. Анам төрт қызбаламен, бесінші қызы іште қалған. Әлібек дейтін ата, әкесі соғыстан аман оралсын деп, іште қалған баланың атын Аманжол қойды. Анам бесеуімізді өлтіріп алмай, қалай баққанына, таңым бар. Мамам, әке орнына-әке, ана орнына-ана болып, сіздердің атқаратын істеріңді, екі-үш есе еңбегімен атқармаса, бізді жеткізе алмаған болар. Мен мамамның, үйде әйел құсап жүргенін көзіме елестете алмаймын. Тіпті, әйелдерше қандай көйлек киіп жүргенін де, көзіме елестете алмаймын. Есім кіргеннен, бізді «балабақша» дейді, бір әжеге қалдырып кететін де, колхоздың жұмысында жүретін. Әлгі әже, әйтеуір, ботқа пісіріп беретін. Отырғыш, стол атымен жоқ. Киізде отыратыным есімде. Әлі оқымаған кезім болу керек, менің төрт бұрышты конверт ұстағаным, есімде қалған. Өткен 2004 жылы, «Боздақтар» деген кітаптан, сенің Орлов облысы, Колпянск ауданы, Остров ауылында, 1943 жылы ақпан айында, жерленгенің туралы мәлімет алдық. Соған дейін әр кезде, әсіресе, Жеңіс күні таялғанда, шырқырап жоқтап жүрдім. Әрине, көз жасым көкірегіме құйылып жатты. Соғыстан бұрын мамам екеуіңіз, Орынбор облысында тұрыпсыңдар. Соғыс басталмас бұрын, Жаңғазы, Жуымбай деген аталарымыз, біздерді елге көшіріп әкеліпті. Осы күні ойлаймын, аталарымыз қандай керемет адамдар болған. Соғыс кезіндегі ауылда, сендердің күректеріңді ұстап қалған аналарымыз, жеңісті жақындату үшін, ер адамдарша еңбек етпесе, бұл дәуренді, біздердің көруіміз екі талай еді.



Мамам ақпан айында, 1999 жылы, 89 жасында көз жұмды. Мамам бізге босаңдық көрсеткен жоқ. Қыста ер адамша киініп алып, бел шешпей еңбек етті. Еңбек озаты атанды. Жылда мадакталып, еңбек ақыдан тыс, бір мал алып отырды. Сол малды базарға жіберіп, біздің иығымызды бүтіндеп отыратын. Мен онжылдықты 18 жасқа толмай бітірдім. Қыйбат менен екі жас үлкен еді, ол жиырма жасында 10 класты бітірді. Мен 7 класты толық қысы-жызы оқи алмадым. Күзде және көктемде, жылы кезде ғана, мектепке барып, ұстаздардың алдынан өтетінмін. Қыйбат апам екеуіміз бір класта оқыдық, тапсырманы содан көшіріп, кластан класқа көшіп отырдым. Әйтеуір, сабаққа жақсы болған болуым керек. Мал фермасы орталықтан, 6-7 шақырым болатын. Әлде қалай қыста ферманың ұл-қыздарымен таңқараңғысында тұрғызып, мамаларымыз жұмысқа, біз мектепке жұқалтаң киіммен, бірде жүгіріп отырып, біз мектепке барғанда, мектеп әлі тастай қараңғы. Орталықтағы балалар, бізден әлде қайда кеш келетіні есімде қалғаны. Тек Бұлдырты орта мектебіне 8-10 класты оқуға барғанда, қысы-жазы оқыған болармын. Үйге баруға көлік жоқ, ауылдың алыстағы, 70 шақырымға дейін барады. Бір күні, түнгі онда шығып, ауылға жаяу таңертең, азар жеттік. Екі күн өкшем күлбіреп, орнымнан қозғала алмадым. Әкесі барлар, балаларын алып кетіп жатады. Бізге ол дәурен қайда. Ойлап отырсам, мен он жасқа жетпей-ақ үйде от жағып, бидай тартып, нан көміп, тары қуырып, оны ақтап, қаралап, мамам жұмыстан келгенше тамақ әзірлеп, отыратынмын. Мамам сауыншы болды ғой.

Көп балалы деп бізге аздап болса да, колхоз астық беріп тұрады. Оны, мен оқсатып отырамын. Қар керемет қалың жауған жылдары, үйді төбесімен бірдей етіп, басып қалатын. Қашан мамам мал жайғап келгенше, тастай қараңғы үйде отыратынбыз. Мамам етпеттеп жатып,





терезені қолымен тырналап ашқанда, көзіміз жарқ ете түсетін. Ол әр қыста қайталанатын. Осы күні таңғалам. Осынша жоқшылық кезінде, ауылда ешкім, қайыр сұрамайтын. Бір башқұрт кемпір, кей жылдары қайыр сұрап келсе, соны қызық көріп, барлық балалар үйден бірдеңе жасырып беретінбіз. Өзімізге жетпей отырсақ та, жомарт болған екенбіз. Ал жайлауға көшкен сауыншылар, жаз бойы ет көрмейтін, еңбек сұрап орталыққа бармайтын. Тіпті басшыларды құдайдай санап, олардың алдарына баруға ұялатын. Көйлектері жыртылып қалса жамау жапсырады, әлгі жамау тағы жыртылып қалады, оның үстіне тағы жамау жапсыратын. Сонда да, сол аналар мойымайтын. Бастары қосылса, соғыстағы жолдастарын, ағаларын әнге қосып, өлең айтатын. Мен де оларға қосылып, бапекелеп өлеңге қосыламын. Сол кездегі аналар, осы күні ойлап отырсам тіпті жап-жас екен ғой. Өзінен жасы үлкен әйелдерді, мамам шешең дейтін. Қазіргі күйеуге шықпай қалған қыздардың жасында, олар бастарына - ақ салғасын шеше атанған екен ғой, байғұстар. Жаз бойы ет көрмейтін дейтінім, қой-ешкі, артық мал деген болмайтын. Жалғыз сиырдың өзіне салық салып, жылына 2 кг майды үкіметке тапсыруды, әр ошақ басына міндеттейтін.

Жаз бойы сиырдың сүтінен ірімшік қайнатып, жеп күн көретін. Осы күні таңғалатыным, соның өзінде жоқ, жетпей жатыр деп айтпайтын. Осы айтып отырғаным соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдардағы көріністер еді.

Осындай мұқтаждық жылдары, көрші отырған әйелдер, бір-бірінің тауығын да ұрлап жеп көрген емес, қандай тазалық десеңші.

Соғыс кезінде, елді жасы асқан аталар мен әйелдер басқарды ғой. Үйінен қандай да бір ер адам шыққан үйді, ең бақытты үй деп, ондық шам жағып, темір кроваттың үстінде төрт көпшік жинаулы тұрған үйді, байдың үйі дейтін.





Жазғы жайлауда, онға толған біздердің елеусіз еңбегіміз, шаш етекпен болатын. Мамам озат сауыншы болды, мені аяй ма таңбозара өзі сиыр саууға кеткенде, таңғы сиыр идірісуге оятпайды, түсте, кешке міндетті түрде сиырды идіріп, екінші, үшінші идірімін мен сауам, бұзау бағысамыз, машина тартып, жуысамыз. Ең қиыны, шыжып тұрған тал түсте сиыр идірісіп, мамаларымызға көмектесеміз. Мектепке барысымен, қолымызға қолорақ беріп, астық оруға егіс басына алып кетеді де, барлық оқушыларды кеуіп тұрған мал қораға, астымызға салом салып, сонда жатқызады. Мектепте қи жағатын. Ұстаздар жазда қи ояды, оқушылар оны тасып, қораға кіргізеді. Қайта жаз шыққасын, оннан астың, сен енді үлкенсің дейді де, колхоздың малына қысқы шөп дайындауға алып кетеді. Косилкаға (шөп шабатын екі дөңгелекті, бір орақты машина) төрт өгіз жегіп, шөп шабуға шығамыз. Гравляға (үлкен екі дөңгелекті шөп жинайтын тістері бар) екі өгіз жегіп, шапқан шөпті жинаймыз. Бригадир Кенесарин Шөкен атамыз таңбозара оятады, өйткені, күн ысып кетпей өндіріп шөп шабу керек. Сондағы, бізді қинайтын таңғы ұйқы болатын.

Колхозда қанша еңбек етсең де, қолыңа көк тиын ұстатпайды. Қанша еңбек күн жасадың, соны есептеп жыл аяғында, тек күнінді көретін ғана астық-сулық береді. Қалғаны соғыс кезінде қанмайданға, соғыстан кейін қираған қалаларды қалпына келтіру үшін, үкіметтің қамбасына жөнелтілді. Тіпті сиырдың сүтін, майын, қаймағын айырғасын (абратын) соны, қазан-қазан пісіріп, айран қылып ұйытып, әдейі даладағы шөп шауып, пішен үйіп жатқандарға, айраншы шығарып, далаға жұмыс басына жеткіздіреді.

7-10 шақырымға жеткенше, ол айран ашып, жылып сапасын түсірсе де, сол айранды далада ішкенде, маңдайымыздан тер бұрқ ете түсетін. Өйткені, таңертең жұмысқа аш шығамыз. Түсте, сорпа, бірінші, екінші дегендер жоқ, бір кесе тары, не талқан береді. Соны қара шайға салып ішіп,





жұмысқа қайта шығып, қас-қарая оралатынбыз. Міне, біздің балалық шақта көрген күніміз. Ол кездегі басқармалар салт атпен, тарантаспен жүретін. Машина атымен жоқ. Менің есімде қалғаны, 1956 жылы, Елеуғалиев Мәулет деген басқарма ағай, «Запорожец» дейді қазір, соғыс ардагерлеріне беріліп жатыр ғой, сол машинаға алғаш отырған басқарма болатын.

Ауданнан уәкіл келіп, мамаларымызды бидайықтай қуыратын. Сиырды сүт шығару үшін, түнде жайғызатын. Осы күні ойлап отырсам, көрген қиындықтардың барлығы, жеңісті жақындатқан екен.

Әбден соғыс біткесін, біраздан кейін Жалит, Тоғызбай атамдарды, Көзеев Баймұқанды, алдарынан жаяулап шығып, жылап-еңіреп, қарсылап алдық. Көзеев Баймұқанның кеудесі сары ала орден, медальдарға толы. Офицер дейді. Сол ағалар мен аталар, елге келгесін де тынымсыз еңбек етті. Соғыстан сендер қайтпадыңдар. Өткен жылға дейін, алаңдап күтіп жүрдім, мүмкін шет елге тиетіп жіберді ме, бір жерден шығып қалар деп. Үмітім әбден үзілгенде, сүйегің Ресейде жатқанын, мен ғана білдім ғой, папа. Мам да, Қыйбатта, Ендіқой, Аманжол да болымсыз зейнетқымен, о дүниелік болды. Мария апам ертерек бақи болған. Кәмелетке толмаған Мария апам, өгіз шанаға отырып, қыста шөп тасыды. Таңқараңғысында кетіп, қас қарая, шөпті оншақты шақырым жерден таситын. Суық өтіп кеткен ғой. Мария апам да, тым бауырмал еді. Сені шырқырап, көп іздеді. Сенің туған апаң Сәлима апамды, іздеп тапқан болатын. Біздердің өлмей қалған себебіміз, қарнымыз ашқанда қымыздық, жуа жейтінбіз, айранға турап, қала берді шөптің түбіндегі жұмсағын, мия сорып мектепке бара жатқанда, келе жатқанда жүрек жалғайтынбыз. Папа, саған айтып ішімді ортайтып, сенің рухыңмен сырласқым келіп кетті.

Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын. Жеңістің 60 жылдығы да келіп жетті. Сол тойды тойлауға жеткізгей.





ПАРЫЗ

Нұрғали ата, Қайша шеше, сіздер әлдеқашан бақилық болып кеткенмен, менің көкірегімде, елу жылдан бері, өмір сүріп келе жатырсыздар. Мен сіздермен, тірі адамша сөйлесуімнің де, жөні бар. Өйткені, сіз екеуіңіз мен секілді талай ұл-қыздың жүрегінде, өмір сүріп жатырсыздар. Бұрынғы Жымпиты, (қазіргі Сырым ауданының), Жосалы деген ірі ұжымы бар. Сол ауылдан, 1953-54-ші оқу жылында, фургон арбаға екі өгіз жеккен, Жосалының біраз ұл-қыздары, шабадандарын тиеп, Жымпитыға жаяу-жалпылап, ара қонып жеттік. Әрине, аспан асты, ашық далаға қондық. Бағытымыз, Жымпиты немесе Бұлдырты орта мектебіне жету. Жаңылсын, Мүгілсін, Әлия деген қыз-дарыңызды, қайткенде де оқытып, адам қылу мақсаты, сізді осындай тәуекелге апарған болу керек. Кез келген адамның қолынан келе бермейтін, жақсылық жасап кеткеніңізді, біреу білер, біреу білмес, ал мен ешқашан ұмытқан емеспін. Осы күні ойлап отырсам, Қайша шешем екеуіңіздің еңбегіңіз орасан болған екен.

Ара қонып, Жымпитыға жетсек, класс толып қалған. Жымпитыға екі қонып, Бұлдырты орта мектебіне астық. Жатақ толып қалған. Өтепберген атаммен Дәржан шешемнің үлкен жағына, ұл-қыз, кемпір-шал болып, сыйғанымызша жартысымыз басымызды төрге, жартысымыз басымызды есікке беріп, қыстап шықтық. Өтепберген атам мен Дәржан шешем есік алдында кішкене жақта қыстап шықты. Сөйтіп, сегізінші класты бітірдік. Тоғызыншы класқа оқуға келсек, екі жатақ салып қойған, бірі ұлдарға, бірі қыздарға, әрине, асты жер, бір-екі бөлмеден. Ол үйді кім салды, ол кезде оған мән бермедім. Сол екі үйді салғызып, бітіртіп болғанша, сіздің қанша қарекет жасағаныңызды, осы күні ғана ойша топшылаймын. Оныншы класты бітіргенше, сіздің арқанызда үш жылдың, қалай өткенін білмей де қалдық.



Сіз осылай тапқырлық танытпағанда, біздің он жылдық білім алуымыз, екі талай болатын. Сол кездегі сіздің бейнеңіз, менің көз алдымда әлі сақтаулы. Азып-тозған, шаршаңқы сақал мұртыңыз өсіп кеткен, тәлтіректеп кешкі шайға әзер жететінсіз. Осы күні ойлап отырсам, бізді қалай қыстан алып шығамын, екі жатаққа отынды қалай жеткіземін деп таңертеңнен далаға кетіп, әлгі екі өгізді жайып, сол уақытта отқа жағатын қараған шабады екенсіз. Үйдің қасында тау-тау қараған жататын. Сол қарағанды қысы-жазы отқа жағып, Қайша шешем тары қуырады да, түйіп бізге тамақ дайындайды.

Нұрғали ата, Қайша шеше, біздің бетімізге жел болып тимеген екенсіз. Не деген көзге көрінбейтін ерлік пен шыдамдылық. Бір ауданда тұрсақ та, тіршіліктің күйбеңімен, сіздермен араласуға мүмкіндік болмады. Сіздердің қашан, қай жерде жерленгеніңізді де біле алмадым. Кешіре көріңдер, ең аяулы ата-шешем. Бауырларымдай болып кеткен, Жаңылсын, Мүгілсін, Әлия. Араласпағанмен, сендерді ешқашан кеудемнен қуған емеспін. Әрине, оныншы класты біраз ұл-қыз аяқтай алмай, әр жылдарда тамшылап, азайып отырды. Әркімнің әртүрлі жағдайы болған болуы керек. Өте ауыр жылдар болды ғой. Сіз екеуіңіз, тек мені ғана емес, сол үш жылда сіздің арқаңызда, оныншы класс бітірген талай ұл-қыздың кеудесінен ойып, орын алғандарыңызға, еш күмән келтірмеймін. Туған атамдай, туған шешемдей болып, көкірегімнен орын алған ардақтыларым, сіздердің рухтарыңмен сырласып, ақ қағазға азда болса сырымды төгіп, шамам келсе кітапқа түсірсем, парызымды өтерме екенмін. Әрқашанда, сіздердің адамгершіліктеріңізге, ақылдарыңызға бас иемін. Жандарың жаннатта, топырақтарың торқа, имандарыңыз жолдас болғай. Өлмей жетсек, 2006 жылы, онжылдықты бітіргенімізге, 50 жыл толады. Бұл хатымды перзенттік парыз дерсіз.





Салт атпен ара қонып жететін ауылдың о шеті мен бұ шетін күн-түн демей, боран-жауын демей, ат үстінде ел басқарған ағаларды, аталарды, ата-аналарды, бала да болсақ көріп қалған, жетпісті алқымдаған біз жазбасақ кім жазады. Қазіргі балаларға ондай әңгіме айтсаң ертегідей көреді. 60 жылдық бейбіт өмірді жақындатқан жылда, ел басқарып орден, медаль дегендерді ала алмай өткен, жандардың есімдерін атап өту парызым деп есептеймін. Әріден қозғасақ, сонау соғыс жылдарында, соғыс бітіп елдің еңсесін көтеру науқанындағы жылдардағы орасан еңбек еткен, әлде қашан өмірден өткен ағалар мен аталардың ішіндегі Халел Аманов (колхоз басқармасы). Жеті колхоздан құралған, есепші (бухгалтері) Кенжебек Сүлейменов ат үстінен түспейтін Жұпболова Қатира апай, Кенесарин Шөкен ата, Бегалиев Ізғали (завхоз, бригадир) Хамит Ерғалиев, Сары Шналиев (олар соғыстан кейін ел басқарды). Баламыз ғой, ол кезде олардың еңбегіне мән бермейміз. Боран соғып тұрғанда, олардың мал фермадан табылатыны, қайткен күнде малды қыстан аман сақтап қаламыз деп шырылдап жүретіндері, сөйтіп малды қыстан аман алып шығатындары, көзі көріп қалған біздерге аян. Олардың кереметі сол, халықты аяқтай аралап жүріп, хал жағдайын көздерімен көргесін, аштан өлтіріп алмай, жандардың сақтап қалған екен. Мен күнелте алмай жатырмын, анау жоқ, мынау жоқ деп контор бағуға ешқайсысының мұршасы болмайтын. Мойнына ат дорбасын іліп алып, сиырмен, өзгізбен, атпен сабан айдап жыртылған жерге тұқым шашып жүрген, Жұмажан деген атамыз, әлі күнге көз алдымда. Ол кезде техника атымен жоқ. Атқа жеккен қалбағайлы бір техникамен астық шабатын, оны қырлы ауыр тасты өгізге жегіп астық бастыратын.

Мені Аманов Халел аға үйрен деп (правление отырысы) дейді жиналыстарына қатыстырып анадай жерге шоқитып





отырғызып қойатын. Сондағы басқармадан ұрыс естіп отырған аталардың маңдайынан аққан тері, әлі көз алдымда. Ұмытпасам 6 класты бітірген жылым болу керек, көзіңнен қан ақса да үйренесің деп, маған скирдің центнерін шығарудың бес амалын үйретті. Жиналыс құратын жері халықтың арасы, отыратын отырғыштары жер. Сөйтіп мен қағазға ерте үйір болдым. Фельдшер дейді, Жоныс ата өзі сауатсыз, маған өлген қойларға акт жазғызады. Оның айтқанын, мен жазып отырамын. Он жылдықты бітіргенше еңбекке араласып шот қағып есеп шығаруды, атқа мініп даладағы скирдті өлшеуге үйреніп алдым. Осы ағалар мен аталарымның моральдық тазалықтарына, осы күні таң қаламын. Біздің әдебиеттен оқыған басты тұлғаларымызбен салыстыратын ағаларымыз, осындай болған. Бері де басшылардың ішіндегі елге жаңалығын ала келген, Қабышев Сади деген аға болды. Жымпиты совхозына 1971 жылы директор болып келгеннен кейін, халықтың жағдайы жақсара бастады. Бірлі жарым мал ұстаған халыққа, шөпті үйге түсіріп беретін. Тойларға палатка тіктіріп, шәйді шәйнекпен құятын жаңалық, халыққа біршама жеңілдік әкелді. Әр ауданның, әр елді мекендерінде, халқына жана-шыр осындай басшылар болғандыры, әлі арамызда жүрген ағаларымыздың, Жеңістің 60 жылдығына құрметпен ілігуін еске салып, өзім құралыптас замандастарыма, қолдарыңызға қалам алыңыз, елге еңбегі сіңген аталарымыз бен аналарымызды, ел басқаруда ерен еңбегімен есте қалған басшыларды, ұмытпаңыз дер едім.





«АҚ БОСАҒА» НЕГЕ КӨРІНБЕЙ КЕТТІ

Түнгі сағат 11-ден кесе, бір ұйқтап оянсақ та, «Ақ босағаны» көруге асығатынбыз. Өйткені, «Ақ босаға» арқылы, не бір қайраткерлерді, өнер, еңбек адамдарымен, өнегелі отбасымен танысып, осы тақырыпқа риза болып отыратын едік. Қазір көрінбей кетті. «Ақ босағаның» белгілі күні болатын. Қазір күндізгі сағат бір мен екінің арасында, Оралды қосып жүр ғой. Әсіресе, зейнеткерлерге бұл уақыт қолайлы. Енді осы сағатта «Ақ босағаны» жапқалы, әртүрлі тақырып көрсетіліп жүр. Бірде «Қыз-Жібек», бірде «Азат ой» секілді. Әрине, бұл тарихи қажет дүние. Бірақ «Ақ боса» тұрақты көрсетіліп тұрса, біраз жақсылардың өмірімен танысып отырар едік. «Ақ босаға» ұятыңды оятатын тақырып. Бұл ретте журналист Ботакөз Баймұқанқызы «біраз іс тындырды, жазылмаған кітаптың басын бастап қойды» - десек те болады. Өйткені, біз «Ақ босағадан» талай тарландардың өмірімен аздап та болса, танысып қалып едік. Өнегелі жанұяны, облысымыздағы атақты ақын, жазушылар облысымызға келіп, төбе көрсетіп жүрген еліміздің атақты композитор, сан алуан өнер адамдарымен таныса бастап едік. Жастар жағы өнеге алатын, тақырыптар қозғала бастап еді. Үйден шыға алмайтын жүріс-тұрыстары қыйындап кеткен, өмірден бөлініп қалған зейнеткерлерге, бір кезек қарауға болатын тақырып еді.

«Ақ босаға» ұятыңды оятатын тақырып деп отырғаным, мен «Ақ босағадан» бір жылдай түскенім жоқ. Естеріңізге түсіріп көріңіз. «Ақ босағада» алдымен Ақұштап Бақтыгереева содан кейін, мені Дәмелі Құсайынқызын көрсетіп жүрді. Ақ орамалды жағынан байлаған, көк көйлекті кемпір, сол мен едім. Ақұштапты қанша рет көрсетсе де, қалай өнеге етсе де, көп болмас еді. Ал мен өзіме келер болсам, осы кемпір кім өзі деп сұрақ қойған кісіге қол өнерімен жауап дайындап қойдым. Қазір менің үйімде екі киіз үйдің жабдығы: іші- сырты, тоғыз-тоғыздан



он сегіз қонақ көрпесі оюланған, әр көрпенің ұзындығы екі метрден әзір тұр. Ұрпаққа мұра қалдырамын деп тігіп отырған, мен кінәлі емеспін. Бейнебаянға жазып, мұражайға да әзірлеп жүрмін.

Бұдан облыстағы мәдениет басшылары да хабардар. Аты-жөндерін айтпай-ақ қояйын. Телевидение мен газет қызметкерлеріне өкпем жоқ. Бірақ екеуінің, халықтың игілігіне қызмет ете алмай тұрғаны, жанымды жегідей жеп жүргенін, қалай жасырайын. «Мәдени жылы», «Мәдени мұра» жылы халыққа көрініп қызмет етуі керек еді. Өкінішке орай үйімде жинаулы тұр. Бірақ та, көңілге медеу болатын бір жақсылығы, Астанаға жіберілген «бейнебаян»-ды көріп, өнерге жанашыр адам табылып, менің өмірбаянымды сұратып, факспен жібердім. «Қазақстан музейлері» деген журналға аздап та болса, мен туралы «киіз үйдің суретімен басып шығарыпты. Өнер-құзыр. Қолдауды қажет етеді. Суретші, сәулетші, жазушы, ақындар, ғалымдар, құрылысшылар халыққа қызмет етеді. Өзі қызмет көрсетіп отырған, халқынан тиісті бағасын уақытында алып отырса, олардың шабытына шабыт қосылады. Ана сүтімен дарыған өнер қандай атақты адамдарды да ұйқысынан, күлкісінен, қызығынан айырып, бойынан уақытында шығарып отырмаса дертке айналады, тағдырдың бұл қасиеттерін алып жүруге көп күш керек. Ол үшін рухың биік болу керек.

Бір киіз үйді, бір кісі тігіп шығу үшін, бір жыл уақыт, кемінде мыңға жуық доллар қаражат керектігін ескертер болсам, сол елеулі еңбегімді обылыс басшылары түсінбей отырса, менің жүйке ауруымен, жылдап аурығанымды түсінуге болар. Қазақы емнің біразының басын қайырдым. Осы еңбектерімді ойлаған жерлеріме тапсырсам деп денсаулығымның түзеліп кетуін күтіп жүрмін.





КІНДІК ШЕШЕ

Дүниеге іңгәлап келген сәбидің, кіндігін кескен адам, балаға да, сол сәбидің анасына да, ыстық болады дейді қазақ. Өйткені, босанғанғалы жатқан ананың бар ауыртпалығын, сол ана мойнына алады.

Осындай кіндік шешенің бірі - акушер-гинеколог, зейнеткер Зәуреш Айтбаева. Отыз жылдан астам, «Жымпиты» совхозында тұрақты жұмыс жасап, қазір құрметті демалыста отыр. Ол, 1938 жылдың май айында, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Бүкіл ауданымызға белгілі, 44 жыл Жымпиты ауруханасында жұмыс жасап, 70 жасында ғана, жұмысты тастаған, Айтбаева Рахима шешеміздің, үш ұлдың ортасында өскен ерке қызы. Жымпиты орта мектебін бітіргесін, Орал қаласындағы медицина училищесіне оқуға түсіп, бітірісімен «Жымпиты» совхозына, өзінің теңіне тұрмысқа шығады. Жұмысты осы совхозда бастап, талай қиындығын да, қызығын да көреді. Қиындығы сол, бала босанарда ана қалай қиналса, босандырған Зәуреште, сол анамен бірдей қиналатын. Әр сәби аман-есен дүниеге келсе, оның анасымен бірге қуанғанын, Зәуреш өз өмірінің қызығы санайды екен. Зәуреш жұмысты бастаған кезде, техника жағы да аз болатын. Ол кезде, босандыратын әйелдердің тұратын жерлерінің шекаралары да, алшақ болатын.

«Тасқұдық» совхозының, «Қарабұтақ» деп аталатын нүктесі, қазіргі «Өлеңті» шаруашылығының «Елтай» нүктесі, «Қызыл ағаш» бөлімшесінің малшылары тұратын нүктелеріне, машина, трактор, атшана, мотоциклге отырып, қысы-жазы әйел босандыруға барып, қона жатып, жол қиындықтарын талай рет көріп, халыққа қызмет ете жүріп, өзі де дүниеге бес бала, әкеліп тәрбиелеп өсірген. Бұл қиындықтарды, ері Бекарыстанов Болатпен бірге бөліседі. Болат осы совхоздың, Аралтөбе орта мектебінде ұстаз. Зәуреш Айтбаева ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырған үлгілі ана.



Жұмыс жасап жүрген жылдарында, талай рет малақталып, аудандық көрсеткіш тақтаға суреті ілінген, талай - бағалы сыйлықтар алған Зәуреш Айтбаева, бетің бар, жүзің бар демеі айтайын деген сөзін, ішіне бүкпейтін өткір тілді алғырлығымен де сыйлы. Оның жан дүниесін түсінбейтін адамдарға, осы мінезі жақпай қалатын кездері де болған. Өйткені, отыз жылдан астам, жағып жатқан отынын жаға алмай, немесе шақырып қойған қонағына шайын бастап, асын бере алмай, талай рет бала босандыруға, шақырғанға кетіп қалған жоқ па?

Отыз жылдан астам қызмет еткен, кіндік шешенің тартқан тауқыметін, тек босанған аналар мен бірге Зәуреш секілді, кіндік шешелер ғана біледі. Осы жылдардың ішінде, барлық баласы дүниеге аман келген, тек іште алты килограмнан асып, өсіп кеткен бір бала ғана шетінеген. Зәуреш өзінің алғашқы кіндік қызы, Қарлығаш Ғизатқызы Жүсіпованы мақтан тұтады. Өзінің жолын қуған қызы, қазір Москвада аспирантурада оқып жатыр. «Жосалы» созхозына барып, үйінде босанып қалған әйелге көмек бергенде, тым жас болғанын, әрине, есте қаларлықтай қиындығын да, ұмыта алмаған. Оны әңгіме етіп айтады. Жұмыс-жұмыс деп шапқылап жүріп, баға алмадым ба, Ергенім сырқаттана береді, деп налыды ана. Орынды өкініш.

Зәуреш ата-ене көрген келін. Атасы Әжім көп жыл қызметкер болған, беделді адам еді. Енесі Сағида шеше де, қара сөздің ақыны, үлгілі ана. Қазір 83 жаста, әлі тың, осы келін баласының қолында. Ермектен көрінген шөбересі, Асылбекті тербетіп отыр. Зәурешке барлық аналардың, барлық кіндік балаларының атынан, зор денсаулық, бақыт тілейміз.





БІРІНШІ ТҮС

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевты, 1998 жылы президент сайлаймыз деп дүрлігіп жүрген кезіміз. Мен мынадай түс көрдім.

Баяғы қазақтың жатаған үйі екен деймін. Үйдің төбесі бақалтақ, үйдің іші қоңырқай. Төбесін тоқыған шимен жабатын еді, ертеректе. Осы үйде Нұрсұлтан Назарбаев шалқасынан жатыр. Оң жақ, аяқжағында мен түрегеліп тұрмын. Екі ана екі жағында алақанымызды жайып, бата беріп тұр екенбіз. Қоңыр үйдің сол жағына, жалғап жаңа үй салынған екен де, сол үй жақтан, қоңыр үйге жарқырап, жарық төгіліп тұр. Бір кезде есіктен қызбала кіріп, Нұрсұлтанға ұзын қонышты қызыл етік сыйлады. Ертеңіне, біз отырған тоғыз қабатты үйдің бірінші есігінде тұратын, Қалима әжеміз болатын, қазір ол әжеміз тоқсан жастан асып кетті, сол кісіге түсімді жорыттым. Екеуіміз түсті жақсылыққа жорып, қолымызды жайып бата бердік. Міне, содан бері, Елбасымыз көш бастап, халқымызды жақсы жолға салып келе жатыр. Маған қарама-қарсы тұрып, қол жайып, бата беріп тұрған - Ана Нұрсұлтанның анасы екен деймін. Елбасымыз, осы жолы президент болып сайланды. Менің «Елбасына» деген өлеңім, сол түстен кейін туған еді.





ЕКІНШІ ТҮС

Бір елді мекенде, отыз жыл тұрақтап қалдық. Бір көшеде, арамызда үй тастап, сол үйдің сыртында кәдімгі, қазақтың үлкен қара қазаны қондырылған. Үйге қарай қолымда сырты сарғыш, бұрынғы «Әке» деген кітабымнан қалыңдау да көлемді, кітапты ұстап, сол қазандыққа қарай, жақындап келемін. Мен жақындаған кезде, әлгі қазандықтың алдыңғы жағына (от жағатын алдыңғы маңайында) Нұрсұлтан аздап отырды да, жайлап қазандықтың арғы жағында, бірдеңеге күйбеңдеп жүр екен. Мен барып жайлап, қазанның қақпағын ашып қарасам, қазанның түп жағында азырақ су бар екен. Қазанның қақпағын ашып, қарап жатқанда Нұрсұлтан жас ұрпақ келе жатыр, соған әзірленіп жатырмын деп, өзі-өзіне тіл қатып жүр екен.

Ие, бұл түсті көргеніме де, біраз болып қалды. Президент сайланғалы, Елбасымыз қазақ елін айдай әлемге танытты. Қазақ халқының қазанын, ырысқа толтырды. Қазақ елінің шаңырағын биіктетті. Керегесің берік қымтады, осыған риза болғаным соншалық, 2003 жылы, Атырау қаласында Махамбет Өтемісовтың тойына әзірлік жүріп жатты. Осы дүбірге мен де үлес қосқым келіп, Елбасына арнап, сегіз қанат (киіз үйдің іші-сыртын оюлап әдемілеп) киіз үй тіктім. Ойым, осы киіз үйге, Елбасымыз басын сұқса, сол үйді тегін қалдырып, Елбасына батамды бермекші едім. Елбасымызға арнап тіккен киіз үйім, бір мұражайда тұрса, ол ұрпаққа жетсе, келесі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қолөнері өмір сүрсе, ұрпаққа қызмет етсе, біз секілді әжелерден, аналардан қол таңба, жалғасын тапса деген ниет болатын.

Кітапқа түскен өлеңімнің ішінде:
Тесілсе де бармағым,
Жігерімді жолдадым.





Бір жыл тіккен үйімді,

Елбасына арнадым, - деген жолдар бар.

Несі бар, мен секілді қарапайым ана, Елбасының амандығын тілеп, батасын беріп, тілекші болып отырса, несі айып. Алдымызда тағы президент сайлауы келе жатыр.

Елбасымыздың ұстанған саясаты «Достық, бірлік, ынтымақ». Әлі қажырлы, қайратты ірі саясаткер, үшінші рет «Хан» сайланса, қазақ елін, биік дәрежеге көтереріне, кәміл сенімдімін. Өз атымнан, барлық аналардың атынан, ақ тілегім, осындай дер едім. Елбасына арнап тігілген киіз үйімді алып, жарыққа шығарған, сол үйді күтіп ұстап, ұрпаққа жеткізген адамдардың да, жұмысы алға басып бақытының өрлейтініне, күмәнданбаймын.





Дәмелі Құсайынқызы



Шапай Қажығалиұлы



Қызым Шолпан, немере-жеуендерім



Жиенім Айбол, әжесімен




*Марат, Гүлнара,
Әсел, Айсұлу*



*Ұлым Нуралы мен
немерем Нұрберген*



*Немерелерім
Мақсат, Гүлмира*



*Жұбайым Шапай Қажғалиұлы, ұлым Қуаныш,
келінім Гүлнар, немерелерім Гүлмира, Мақсат*



*Ұлым Нұрлан, келінім Шолпан,
немерелерім Әлина, Кәмила*

Шақыру билеті

Ақсай қаласы, 2003 жыл.



Өлең жазып жүргесін
“ақын” дейді,
Он балалы болгасын
“батыр” дейді.
Жасымнан өнерменен
айналыстым,
Халқым мені өнерге
жақын дейді.

Құрметті Бақомжаналы,

Сізді қаңтардың 10-жұлдызында сағат 16.00-де Өнер мектебінде өткізілетін Д. Құсайынқызының “Әке” атты кітабының тұсаукесер кешіне шақырамыз.

Аудандық мәдениет бөлімі.

18.00-де «Тірнәбат» дастархан
мәзіріне шақырамыз.



«Әке» атты кітабымның түсау кесер кешінде



Кешті жүргізуші теле-журналист Ботакөз Баймұқанқызы «Әке» атты кітапты жиып-теруші Қадиша Керейқызы, Дәмелі Құсайынқызы



Облыстық мұражайдың директоры Сара Танабаеваға, және ұрпақтарыма кітабыммен қолөнерім жайлы еңбегімді ұсынып тұрмын.



ЕРЕКШЕ ЕСКЕРТКІШ

«КИІЗ ҮЙ ӨРНЕКТЕГЕМ ӘДЕМІЛЕП...»

«Ел іші - өнер кенеші» - дейді дана халқымыз. Жасаған дүниелері көздің жауын алып, талайды таңдай қақтырып жүрген ісмер жандардың бірі - Дәмелі Құсайынқызы. Оның есімі аудан көлемінде ақындығымен ғана емес, киіз үй тігетін ісмерлігімен де белгілі.

12 ақпанда 2005 жылы, «Ақсайгазсервис» МҚК-ның асханасында өнерлі ананың қолынан шыққан ақ орданың тұсау кесер рәсімі болып өтті. Он саусағынан өнері тамған ардақты ананың киіз тігуі бір бұл емес. Бұған дейін үшеуін тіккен.

«Киіз үй жабдығын тіксем» деген ой ең алғаш қашан туындады апа?» - деп сұрадым қолөнер шеберінен. Дәмелі апай аз ғана ойланып қалды да: «Халқымыздың қолөнерін дәріптеуді ең алғаш Сырым ауданы, Аралтөбе ауылындағы орта мектепте еңбек пәнінен сабақ беріп жүрген кезімде қолға алдым. Оқушы қыздармен бірге үй-бұйымдарын, батырлардың сауыт-саймандарын, сабаздардың сыртқы киімдерін, бас киімдер, өрнекті белбеулерді тігіп, дайындайтынбыз».

1989 жылы, «Жымпиты» кеңшарының сол кездегі директоры Ғаділше Өтебалиев: «Апа, ауыл болған соң, жиын-тойларда құратын өз отауымыз болғаны жақсы ғой. Бір киіз үйіміз бар, бірақ ішкі-сыртқы жабдықтары тозып қалыпты. Соны жаңартып берсеңіз қайтеді?» - деп ұсыныс жасады. Алғашқыда ойланып қалдым. Кейін бар ойымды жинақтап, «Күнде ойып жүрген оюым емес пе?» Тіксем тігейін деген келісімге келдім.

Сөйтіп, 1989 жылы бастаған киіз үйді Дәмелі апай 1990 жылы аяқтады. Сол жылдың жазында, ол үй Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде, ал 1992 жылы Алматыда Сырым Датұлының туғанына 250 жыл толуына орай ас берілгенде, М. Әуезов атындағы драма театрында құрылды.



1997-1999 жылдарда тігілген, екінші киіз үйді «Ақсай-газсервис» АҚ сатып алса, 2003 жылы дайындаған үшінші қол туындысын, ісмер жан ұлтымыздың батыр ұлы Махамбет Өтемісовтың 200 жылдық мерейлі тойына арнапты.

Ал, соңғы еңбегін Дәмелі апай Жеңістің 60 жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен әкесі Құсайынға, туған жерге оралмаған басқа да боздақтарға арнады. Оның да өз себебі бар.

«ЕСІМІНДІ ӨШІРМЕУ БАР АРМАНЫМ...»

ӘКЕ. Небары үш-ақ әріптен тұратын осы бір қасиетті ұғым, Дәмелі Құсайынқызының жүрегіндегі өшпейтін сағынышпен сабақтас. Мәрия, Қыйбат, Ендіқой, Аманжол деген бес қызды дүниеге келтірсе де «Тегімді жалғар бір ұлай!..» - деп, аһ ұрған әкесі Құсайын арманына жете алмай, ел басына күн туған шақта қолына қару алып, зұлым жауға қарсы соғысқа аттаныпты. Әке орнына әке, шеше орнына шеше болған анасы Бәтіш балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, бәрін де оқытып, ұясынан ұшырып, қиясына қондырып, біраз жиен сүйіп, 1999 жылы 89 жасында дүниеден өтті. Ананың аяулы алақанының жылуы мен қамқорлығы, үймелі-сүймелі бес қыздың кіпкішкентай жүректерінің бір түкпірінде «Хабарсыз кеткен әкеміздің бір дерегі естіліп қалар-ау» деген емескі бір үміттің шоғы сәулелене түсетін еді. Әкеге деген таусылмас сағыныш, кішкентай Дәмелінің қиялына қанат бітіріп, шабытына шабыт қосып, балапан жүрегінде жыр болып өрілетін. Әкелері соғыстан келіп, мәре-сәре болған балаларға қызыға да қызғана көз тастай тұрып, мөлдір мұңға батқан бала жүрек өңірі орден-медальға толы ардагерлерге сұраулы жүзбен:

Көрдің бе, ата, көрдің бе, Құсайын деген кісіні,
Шалқадан шашын қайырған, болаттай шымыр мүсіні.
Паспортқа түскен бейнесі жанарымда жаттаулы,
Әкемді көрген үлкендер шағындау дейтін пішімі.

деп қарайтын.

Мектеп есігін ашқанда, өзге апа-сіңділерінің бәрі Есен-





баева болғанда, жалғыз Дәмелі апай ғана әкесінің аты өшпесін деп Құсайынқызы болып жазылыпты. Өзінің «Әке» деген толғауында ақын ана:

«Қыз болсам да әкемнің тұяғымын,
Дәмеленген ұл ма де, қиялымын.
Рухың ұлды жоқтап жүрмесін деп,
Ез ұлдарға көзіңді сүзбесін деп.
Есіміңмен өзіңнің жүрмін, әке,
Өлмеген Құсайынды іздесін деп»,
әке рухымен ойша сырласады.

Жүйрік уақыттың жалына жармасып, жылдар өтіп жатты. Бала Дәмелі бұла бойжеткенге айналады. Шапай Қажығалиев есімді азаматпен бас қосып, жасы ұлғайған үш бірдей анасын, өзінің 10 баласымен бірге мәпелеп бақты. Хабарсыз кеткен әкесінің сүйегінің жатқан жерін іздестіруге, өзінің жыр жолдарымен айтар болсақ, «артыңда алаңы молдау» болғандықтан, «күйбеңі жетер тірліктен жиналып шыға алмады». Сөйтіп жүріп, көкіректегі жыр жолдарын қағаз бетіне түсіре берді. Соларды жинақтай келе, «Өлеңімнен ескерткіш орнатпасам, Сезесің бе, жан әкем, кеш қаламын», - деп жанталасқан ақын 2002 жылы «Әке» деген атпен Орынбор қаласының «Южный Урал» баспасынан өлеңдер жинағын бастырып шығарады.

«Әкемізден бір дерек табылғанша, жоқтауыма мен нүкте қоя алмаймын», - деген перзентінің көзінің жасын Құдай көрді ме, әйтеуір көп жылғы іздестірудің нәтижесі өткен жылдың аяғында табылды. Оралдағы қыз-күйеуінің үйінде жатқанда: «Мама, біз Сіздің әкеңізді таптық. Мына мекен-жайдағы бауырластар зиратында, жерленген екен», - деп тілдей қағазды қолына ұстатқанда, кеудедегі шемен болып қатқан сан жылғы сағыныпшы еріп ала жөнелді. Сел болып аққан көзінің жасын сүртіп, кіреукеленген жанарымен «Орлов облысы, Колпянск ауданы, Остров ауылында» - деген жазуды көргенде, соңғы кезде айналдырып жүрген ауру-сырқауынан құлан-таза айыққандай болып, қуанышын отағасымен, басқа балаларымен бөлісуге Ақсайға асықты.





Жақсылық хабар Дәмелі апайды рухтандырып, бойына қуат берді, сөйтіп, ол әкесіне, басқа да соғыс құрбандарына арнап, тағы бір ескерткішті өлеңмен емес, иненің ізімен тұрғызуға бел байлады. Бұл шешімнің нәтижесі араға жарты жылдан астам уақыт салып, Дәмелі апайдың жоғарыда айтылған төртінші киіз үйі болып халыққа ұсынылады.

ҰРПАҚҚА ҚАЖЕТ БОЛАР, КІМ БІЛЕДІ?..»

Тұсаукесер шараның барысында Дәмелі Құсайынқызына құттықтай сөзін арнаған аудан әкімінің орынбасары Т.Р. Нығметов бұл киіз үйдің келешек ұрпақ үшін тәрбиелік маңызы зор дүние, сондай-ақ мемлекеттік «Мәдениет мұра» бағдарламасына қосылған сүбелі үлес екенін айтты.

Ісмер жанды құттықтауға аудандық мәдинет бөлімінің меңгерушісі А.М. Тіржанова, «Ақ жаулықты, әжелер» тобының мүшелері, баспасөз өкілдері келді.

Аудандық кітапхана жүйесі мен мұражай қызметкерлері кітап және ұлттық қолөнер бұйымдары көрмелерін ұйымдастырды.

Шара аяқтала келе, кеш иесі Дәмелі Құсайынқызы барлығына шын көңілден шыққан алғысын білдіріп, 1998 жылдан бері түсірілген өзінің өнерін насихаттайтын екі бейне таспаны, «Әке» деп аталатын өлеңдер жинағын, басқа да құжаттарын аудандық мұражай директорының міндетін атқарушы Н.Б. Уталиеваға табыс етті.

Айгүл АХМЕТОВА.





Ақсай қаласындағы «Тұран Элем Банк»тың директоры Марат Тұрғанов, Дәмелі Құсайынқызы, Бөрлі ауданының әкімі Сағынбек Хайдарұлы Мұташев, Ақсай қалалық мешітінің имамы, Ақсай қалалық шіркеуінің (имамы-поп) діни басқарушысы (Солдан, оңға қарай).



«Ақсайгазсервис» киіз үйінің ішкі көрінісі, «Ақсайгазсервис»тің президенті Жолдасқали Өтебалиев, Бөрлі ауданының әкімі Сағынбек Хайдарұлы Мұташев, Ақсай қалалық мешітінің имамы, Ақсай қалалық шіркеуінің (имамы-поп) діни басқарушысы. (Солдан, оңға қарай).

Ескерту: «Ақсайгазсервис»тің киіз үйі 1998 жылдан бері ұлттық қол өнерімізді уағыздап келе жатыр.



Үшінші киіз үйде қонақ қарсылау



Әжелердің қолтаңбасын сақтауға көп еңбек сіңірген
мәдинет қызметкері Галия Есқұлова



Гүлбақыт, Людмила,
Дәмелі Құсайынқызы, Әсия (тележурналистер)



Үшінші тіккен, киіз үйдің тұсында
Дәмелі Құсайынқызы «Ақ жаулықты, әжелер» тобымен



№ 3 ортамектебінің оқушылары,
ұстазы Қамажай Хамарқызы Нұғманова



№ 4 ортамектебінің оқушылары,
ұстазы Ақмарал Хамитқызы Надиева



«БАЛАНЫ ЖАСТАН...» ДЕГЕН ҒОЙ

Аралтөбе орта мектебі бойынша қоғамдық еңбекке баулу-ды біршама игі істер жолға қойылып отыр. Қоғамдық еңбектің жандана жүретін уақыты қар кетіп, жер көгере басталысымен-ақ қолға алынып, қара күзге дейін тынымсыз жасалынады. Бұл салаға араласпайтын мектеп оқушылары аз деп айтуға болады. Мектептің айналасын көгертіп, түрлі дақылдар егіп, оларды толық күтімге алатын да осы оқушылар. Жаз бойы орталықта тұратын пионерлер түрлі өсімдіктерді, шағын бақшаны күтіп тәжірибе жинақтаса, олардың барлығының қасында мектеп оқытушылары баскөз болып бірге жүреді. Жоғары класс оқушылары биылғы жылы, 3 гектар жерге пияз, қызылша, помидор, қияр отырғызып күтімге алған болатын. Еңбектері еш кеткен жоқ. Өзіне де пайда, өзгеге де пайда дегендей, ең алдымен мектеп өзін-өзі қаржыландырды.

Үш гектар жерден 7450 сом пайда тапты. Ең бастысы оқушылардың пиязы көп өнім беріп, барлық шаруашылықтарға шығарылып сатылды. Өздері егіп, өздері жинағанда да оқушылар үлкен белсенділік көрсетті. Осы жұмыс басталғаннан басы-қасында болған оқытушы Ж. Қабылановтан жақсы еңбек еткен оқушылардың есімдерін атауды өтінген, ол 11 «Б» класс оқушылары арасынан Б. Байдашева, Г. Құбаева, Е. Абдрахманов, Н. Қажғалиевтің есімдерін ризашылықпен атады. Осы аталған мектеп оқушылары түгелге жақын туристік сапармен Москваға барып, бір жұмадай қыдырып қайтты. Сонымен қаттар жақында «Мұра» деп аталатын конкурс ұйымдастырылды. «Мұра» конкурсының мақсаты қыздардың іске, өнерге деген байқауын өткізді. Би, мәнерлеп оқу, ою, ұршық иіру, шай құю, ән айтып, оның авторын айтып беруден сынға түсті.

Бастама жақсы болғанмен даярлауға аз күн берілген. Солай бола тұрса да жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар дегендей жеңімпаздар анықталды.

Аралтөбе орта мектебінде қол өнері сабағының жүргізіле бастағанына бір шама уақыт болды. Соған қарамастан



сағаттың аздығы, қол өнерінің класта оқыту программасы бойынша қысқартылып отырғандығына байланысты қол өнерін толық игеріп шығуға әр оқушы қыз баланың мүмкіндігі болмай қалып отырды. Қол өнерін үйрену үшін алдымен көп зат керек. Мысалы: мата, қайшы, ине жіп, бес сым, ырғақ, желім, қағаз тағы басқа. Бұл үшін әрбір өзін-өзі қаржыландырған мектептің өзі оқу жылының басынан алып, әзірленіп отыруы керек. Сонда ғана іс өзінің нәтижесін беретіндігін көрсетеді. Аралтөбе орта мектебінің көптеген оқушылары эстетикалық тәрбие алғандар. Өз еркімен домбыра үйренгісі келетін октябриялар, пионерлер, көптеп саналады. Алматыға барып өнер көрсетіп қайтқан О. Глухова, М. Өтеуішева, А. Шыналиеваны мақтанышпен атай аламыз. Жақсыны көпке танытуда облыс, аудан бойынша идеология мәдинет бөлімінің басшылары да үлкен көңіл бөліп, мектеп оқушыларының телевиденияға түсіп аудан, облыс, республикаға танымал болуына біршама басшылықтарын көрсетті.


Жақсы істің бұл тек қана басы болып, болашақта жалғасын таба берсе екен дейміз. Ал, енді М. Құбаевтің бұл салада сіңірген еңбегіне ризашылығын білдіретін ата-аналар Аралтөбеде көп болуға тиіс деп ойлаймын. Мектептегі ұстаз ретінде аталмағанмен, оның алдынан өтіп жатқан шәкірттің сана қаншама. Қысы-жазы қолтықтарына домбыраларын құшақтап бара жатқан оқушыларды көргенде, олардың қайда бара жатқанын сұрамай-ақ өзің түсінесің. Ендігі жерде әрі суретші, әрі домбырашы Махмуд Құбаевті мектепке тұрақты ұстаздыққа алып, оған орын бөліп жағдай туғызша нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, Махмуд оқушыларды үйіне қабылдап, өнерге тәрбиелеп жүр. Басында «Балдырған», кейінен «Жас қанат» деп аталған ансамбль тарап кетпей, қайта нығая берсе екен.

Сөйтіп ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мұрасына ие болатын шәкірттер көбейе берсе екен деген игі көңілдеміз.


1988 жыл.



ҮШІНШІ ТАРАУ



Сенің атың жазылған, мәрмәр тасқа;
 Ұрпақтарың гүл шоғын, қойып жатыр.



СҰР ТӨБЕ

Ей әлеумет, естеріңізге саламыз,
Соғыстан бұрын өмірге келген баламыз.
Отаны үшін құрбандық болған соғыста,
Әкенің құнын кімдерден - сұрап аламыз?

Төлей ме құнын күйреген Совет Одағы,
Елбасыларды ойландырмай ма ол жағы?
Жарылқаулардан үлессіз жүрген алпыс жыл,
Елдегі жетім-жесірдің кімге обалы?

Соғыста өлген құрбанның құнын кім төлер,
Атаусыз өлген батырдың саны бір төбе,
Кебінсіз жерлеп, кешігіп жеткен хабары,
Құрбандықтардың жатқан жерлері - сұр төбе.

Қайғы да болды, көкірек толды арманға,
Алпыс жылдықты тойлауға бір жыл қалғанда.
Мұраға үй жоқ, қалдырған жер жоқ ұрпаққа,
Өкініш бар ма осыдан артық жалғанда?

Жесірлердің өлгені қанша марқұмдар,
Жетім ұл-қыздың, тірі жүргені там-тұмдап.
Шал-кемпір болдық, жетпісті біз де алқымдап,
Азусыз-тіссіз, сөйлейміз қазір балпылдап.

Жеңістің алпыс жылында, бәлкім, ескерер,
Еске бір алса, ырзамыз оған кеш демен.
Ана да кетті, бауырдың бәрі бақилық,
Айтсақ та өкпе, сұраған жоқпыз ештеме.

Алпыс жыл бұрын, әкені соғыс жалмады,
Жетім боп өстік, әкеден мұра қалмады.
Купон да кетті, жерден де тимей сыбаға,
Азайдық біз де, белгілі елге ар жағы.

Көктегі күн мен табанның асты мұрамыз,
Аспан мен жердің арасы қазір тұрағым.
Нарыққа кез боп, үлестен қолды көтердік,
Зейнеткерлердің жағдайы солай, шырағым.



«ЕСКЕРТКІШ - МҰРА»

Жан әкетай, асырдым ойымды ақыр,
Сенің қаның әзірге бойымды тұр.
Сенің атың жазылған, мәрмәр тасқа,
Ұрпақтарың гүл шоғын, қойып жатыр.

Жетегіне ілесіп, үмітті ойдың,
Алпыс жеті жыл, өмір сүріп қойдым.
Өз қолымнан оюлап тірлігімде,
Саған арнап «Ескерткіш» тігіп қойдым.

Маған керек болған жоқ, мансап-атақ,
Жетпес еді, таласса баршаға тақ.
Ұлдың орнын толтырған, қызың болдым,
Дәмелі деп қойыпсың, жаңсақ атап.

Ою-өрнек, бабалар қалған сізден,
Өтті ғұмыр, кеудеме арман тізген.
Он бармақпен тігілген «Ескерткішім»,
«Мұра» болмақ ұрпаққа, қалған бізден.

Қасіреті соғыстан өткен елес,
Көз алдымнан тізіліп кеткен емес.
Түсінігі өмірден бар адамдар,
Азалапты әкесін, текке демес.

Талай таңды атырдым, күн батырдым,
Бәлкім қызы шығармын, бір батырдың.
Кімнің қайда қалғанын, кім біліпті,
Жұрнағы да қалмапты, бір хатыңның.

Мені күтіп жүріпсің, ұл ма екен деп,
Мен де күттім, сен тірі жүр ме екен деп.
Ұл де, қыз де, атыңды аяладым,
Кеуде деген бесікке, жыр мекендеп.



БАҚЫЛ БОЛ, АНАМ, ЖАН АНАМ!

(Күйтолғау)

Қайран да менің, жан анам,
Тілдесе алмай қалдым-ау.
Жанымды жеген наладан,
Жүректе мынау бар қылау.

Жүрекке тұнған наламды,
Жоқтауым жаспен аршып ал.
Ақ сүтін берген анамды,
Жоқтауға хақым бар шығар.

Қойыны суық қара жер,
Адамзат сені ана дер.
Ағзасын алдың анамның,
Астына мамық сала бер.

Өлеңнен құлпы қашадым,
Тоқсанға жуық жасадың.
Есіме алған кезімде,
Езіліп мауқым басамын.

Үзілдің жетпей бір жасқа,
Тоқсанға әлі жыл керек.
Бала мен бауыр бір басқа,
Ананың жолы бір бөлек.

Қоштастық ақпан айында,
«Жаңаадымның» сайында.
Қалың бір дастан шығады,
Толғасам анам жайында.

Жымпиты - Сырым ауданы,
Көл-көсір оның аумағы.
«Жосалы» деген жерінде,
Жігерің тасып лауладың.

Адамы болдың қатардың,
Еңбекте озат атандың.
Ел жүгін өрге сүйрелеп,
Бірталай жерге апардың.



Бәлду де бәрі өтірік,
Ауырлық белді опырып.
Жанардан екі айырылып,
Өмірден өттің өкініп.

«Жосалы» елің, тұрағың,
Ұжымды өзің құрадың.
Бақилық сонда мекенің,
Тамсана жұтқан бұлағың.

Әкеден қалған бес қызды,
Өсіріп, аман жеткіздің.
Соғысқа кеткен әкемді,
Күтумен ғұмыр өткіздің.

Қайран да менің жан анам,
Өлеңім ұшқан - шағалам.
Қыста да, жазда мен үшін,
Бейітті қайтар аралап.

Еске алып әр кез толғанам,
Ауыл да алыс, жол жаман.
Шығарып салдым көзімнен,
Көңілге демеу сол ғана.

Ауылдың көрдім келбетін,
Реңі қашқан ел кетіп.
Ауылды, сені тірлікте,
Жүрермін жырмен тербетіп.

Толғауым күймен бара-бар,
Жетер ме саған осы әнім,
Қиналған кезде, жан анам.
Өзіңнен жебеу тосамын.

Анашым бақи болғасын,
Көңілім құйған қорғасын.
Бақыл бол, Анам, бақыл бол,
Иманың болсын жолдасың!



БАҚЫЛ БОЛ, АНАМ,
ЖАН АНАМ!

Сөзі Дәмелі Құсайынқызы

Нотаға түсірген Ғалия Есқұлова



Handwritten musical score for the song "Baqyl Bol, Anam, Jan Anam!". The score is written on ten staves. It features a complex rhythmic pattern with frequent changes in time signature, including 3/4, 2/4, 3/8, and 4/8. The notation includes eighth and sixteenth notes, rests, and various accidentals. There are circled numbers 1, 2, 3, and 4 above the staves, likely indicating measures or sections. The word "жаныңды" is written above the final staff. The score ends with a double bar line.



АРАМЫЗДА АРДАГЕР БАР

(Әзіл-шыны аралас)

*Соғыс ардагері Мұхамбетқали Тілекеновтің
сексен жасқа толуымен*

Өзін-өзі мақтамаған,
Ақиқаттан аттамаған,
Өз заманын даттамаған,
Арамызда ардагер бар.

Өңірі толы ордені бар,
Соғыс жолын көргені бар,
Көзге түсер өндері бар,
Арамызда ардагер бар.

Бәрі-бәрі қырмызылар,
Қиялында қыр қызы бар,
Ордені бар, жұлдызы бар
Арамызда ардагер бар.

Бойы көкпен таласады,
Сұңғақ бойы жарасады,
Қос ғасырдың дара шалы,
Арамызда ардагер бар.

Есте қалған жарлары бар,
Анда-мында қалғаны бар,
Орыс-қазақ балдары бар,
Арамызда ардагер бар.

Айдай сұлу алғаны бар,
Күліп атқан таңдары бар,
Әлі талай арманы бар,
Арамызда ардагер бар.



Қолынан көп іс келетін,
Үйлері көп түстенетін,
Рухы бар күш беретін,
Арамызда ардагер бар.

Сөйлеп кетсе күлдіреді,
Көп сөйлесе бүлдіреді,
Көңіл жас па?, Кім біледі?
Арамызда ардагер бар.

Қайғы мұңға алдырмаған,
Өңін әжім шалдырмаған,
Қазақшасы балдырлаған,
Арамызда ардагер бар.

Өңі жас қой, жүде дерсің,
Әзілдессін, күле берсін,
Мұқаң құда, арамызда,
Күліп-ойнап жүре берсін.

Қырға шығып шолып тұрсыз,
Сексен жасқа толып тұрсыз,
Қол жетпеген қызықтарға,
Қиялыңыз жолықтырсын.





ҰЛЫ АҚЫН

Қадыр Мырза әлі - жетпісте

Қадыр Мырза Әлінің,
Жырларының бәрінің.
Осалы жоқ - ұлы ақын,
Жырдың құлы - кәнігі.

Ақынбыз деп саспаймыз,
Өлең жинап хаттаймыз.
Қадыр жайлы шынында,
Жыр жазуға батпаймыз.

Біле білсең ағайын,
Шайырлардың талайын.
Мойындатқан Қадырың,
Заманының - Абайы.

Жырларымен жұмбақтап,
Осып-осып алатын.
Ақын бар ма бұл жақта,
Маңайына баратын.

Қадыр жазған өлеңдер,
Заманында жатталды.
Ақын жыры кемеңгер,
Он бес том боп хатталды.

Он бес томдық аударма,
Жанын жеген жұмысы.
Жас сексенге ауғанда,
Енді алмақшы тынысын.

Өткірлігі жырының,
Осып түсер ұстара.
Халықымыздың ұлы бұл,
Өзін маңғаз ұстаған.



ӨЛЕҢ МЕНІҢ СЫРЛАСЫМ

Алқымнан алып жанымды,
Тартқызса тәңір азабын.
Айтамын саған барымды,
Жазбауға қалмай амалым.

Жазушылар мен ақынның,
Қиын-ақ екен тағдыры.
Қиналып жазып жатырмын,
Жазғандарымның барлығын.


Айтуға шындық хақым бар,
Қинайтын дарын - қасиет.
Жазушылар мен ақындар,
Мың мәрте сізге бас ием.

Өлеңменен сырласып,
Ақ қағазға сыр төгем.
Өзің мойын бұрғасын,
Тимей көкке тұр төбем.

Өлең мені қинама,
Қыйындығың сый маған.
Қинасаңда қарсы алам,
Шабытыңды сыйлаған.

Қала жаздап айрылып,
Тағы қайта қауыштым.
Қанатымнан қайрылып,
Тағатымды таустым.





ЖАЙНАЙ БЕР, ОТАН-ТІРЕГІМ!

Азапты жылдың талайын,
Ысырып артқа қалдырды.
Азатты жылды, ағайын,
Елбасы жолға салдырды.

Өркендеп ауыл, қаламыз,
Еңбекке халық жұмылды.
Көтеріп барлық саланы,
Табыстың мәнін ұғынды.

Қай жерде көрсең халқымның,
Ажары гүл-гүл жайнады.
Қойылды жолға салтымыз,
Рухтың артты айбары.

Бірлікте білдің, күш барын,
Кеңбайтақ Қазақстаным.
Саясат бірлік, татулық,
Ұстамды бағдар ұстадық.

Елімнің көркі Астана,
Асқақтап өсіп барады.
Астана әзір жас қала,
Мақтаныш болды ажары.

Тереңқып қазып тамырын,
Бәйтерек шарды тұрғызды.
Төменге шашып жарығын,
Салтанат сәнді құрғызды.



Пайдасын көрдің Есілдің,
Мұхитты төрге көшірді.
Аквариум мұхит қазақтың,
Мәртебесін өсірді.

Көрмеген жанға тосын жай,
Қазақтың елі осындай.
Бейбітшілік жыл болып,
Жылдарға жылдар қосылғай.

Жатып та, тұрып тәңірден,
Амандығыңды тіледім.
Отырмын көріп бәрін де,
Жайнай бер - Отан тірегім!

АҚ НИЕТТІ ҰРПАҚ ЕДІК, БІЗ ДЕГЕН

Кеудесінде ұялаған ізгі арман,
Ұрпағы едік, бір атадан біз қалған.
Бар өмірі еңбекпенен шындалған,
Үміттері әрбір таңда, бүр жарған.

Қиындықта, қисық жолмен жүрмеген,
Мойынына ауыр күнә ілмеген,
Өзгеден де, ізгі ниет іздеген,
Ақ ниетті ұрпақ едік, біз деген.





«ДОСТЫҚ, БІРЛІК»- БЕЙБІТШІЛІК АРҚАУЫ

Бір ғасырдың шеңберіне сыймайтын іс тындырдың,
Олқылықта болып жатты, оған қатты қынжылдың.
Қиындықтың бәрін жеңдік, ұлы тұлға Нұрсұлтан,
Саясаттың сахнасы, есімінді жыр қылды.

Елбасымыз, ғұмырлы бол, ел сенімін ақтадың,
Президент сайлағанда, халқың сені жақтады.
Елдің қамын, жердің қамын, жатпай-тұрмай ойладың,
Тауқыметті арқаларда, жігерінді баптадың.

Бір басыңда неше түрлі, қасиеттің бары шын,
Халқың байып, ел көркейсе - ол да сенің табысың.
Елің жоққа шығара алмас, көрегендік ісінді,
Бір ғасырда, бір туатын, Нұрсұлтандай арысын.

Ел ортасы Астанада, Ақорданы тұрғыздың,
Ішкі-сыртқы көрінісімен сән-салтанат құрғыздың.
Жер қойнында тұнып жатқан, байлығымды қопартып,
Талай ірі алып елдің, бетін бері бұрғыздың.

Сөзіңмен де, ісіңмен де алға бастың қарқынды,
Ұстанымың «Достық бірлік» иландырдың халқыңды.
Қазақ деген ғажайып ел, бар екенін таныттың,
Талай шет ел, сахнадан көрді ажар-салтымды.

Ұстамыңмен «Достық, бірлік» ел бірлігін сақтадың,
Әр сөзіңе құлақ түрді, халқың сені жақтады.
Ел тұғырын аспандаттың, жылдан-жылға нығайттың,
Халқың жылда тойлап жатыр, тәуелсіздік-ақ таңын.





ХАС ШАЙЫРЫ БАТЫСТЫҢ

Мэлс Қосымбаевқа

Есінде ме газеттен тіл қатқаным?
Мэлс балам, үмітімді ақтадың.
Кездесе де талай рет кедергі,
Бойындағы хас өнерді баптадың.

Ол бастан-ақ айдын-шалқар көл едің,
Каспий көлі толқынындай өлеңің.
Түбі терең мұхит болып барасың,
Бас бергізбей көңілдің көк дөнені.

Талай жерді аралап дәм татыстың,
Талай мәрте айтыстарға қатыстың.
Талай рет намысымды қорғадың,
Хас шайыры ұланғайыр батыстың.

Сені халқың қыран ақын атайды,
Қанатыңның қауырсыны қатайды.
Сан ғасырдан сөз маржанын аулаған,
Біздің Мэлс талай ғасыр жасайды.



АҚЖАЙЫҚ АРДАГЕРЛЕРІ

Газетің шықсын тартымды,
Еткізсін елең халқыңды.
Абырой берсін газетке,
Бөліскен елмен бар тірлік.

Тілекпен игі тіл қатып,
Отырмын жазып түн қатып.
Тұсауын кесу газеттің,
Мен үшін дер ем, бір бақыт.

Көтерер жүгі мың батпан.
Жауапты жұмыс алыпсыз.
Жүрекпен үнсіз тіл қатқан.
Шыдамы мықты халықпыз.

Халықтың мұң мен мұқтажын,
Жүректе жатқан дықтарын.
Қуанышпенен шаттығын,
Жазатын болсаң - құптадым.

Зейнеткерлікке тіркелген,
Отырған үнсіз үлкендер.
Газет тисе қолына,
Хаттарын жолдар бір кездер.

Сіздермен менің міндетім,
Жер басып тірі жүргесін.
Жастарға тәлім көрсету,
Ақылға салып бірлесіп.



Әркезең мәнін жоймайтын,
Елінің қамын ойлайтын.
Кемеңгер ойлар қозғалық,
Жүрекке терең бойлайтын.

Газетің болсын өрелі,
Кеңейе берсін көлемі.
Газетке түскен сырлардан,
Келбетін елдің көрелік.





О, МАХАМБЕТ - ӨР БАБАМ!

О, Махамбет - өр бабам!
Өр ұрпақтың бірі мен.
Әруағыңыз ба қолдаған.
Киіз үй арнап тігіп ем,
Үлгертем деп тойыңа.

Жырларыңның қарқыны,
Найзағайдың жарқылы.
Жетіп жатыр халқыңа,
Ғасыр сайын аршылып,
Батыр бабам мойыма.

Бір жыл бұрын бастадым,
Жеткізгім келіп қақсадым.
Жігер берда қызыңа,
Жанымды желпіп асқақ үн,
Өрнек салдың ойыма.

Жырларың қозғап мазамды,
Елеспен көріп қараңды.
Санаудан қалып сағатты,
Іс қылдым ата табанды,
Рухың қонып бойыма.

Өр мінезді анамын,
Сенен үлгі аламын.
Кеудеме от жағамын,
Ұқсамасам маған серт
Сендей ердің сойына.





УАҚЫТ БЕР МАҒАН ТАҒДЫРЫМ

Жан ашыр елім, сөзіме менің құлақ сал,
Көкірек ояу, рухым биік - тым асқақ.
Арнамнан шығып, шапағат шашқым келеді-ау,
Арманым менің ойымнан шықпай тұр аңсап.

Көксеген жанмын, шуақты таңды арайлы,
Келсе де жасым, үмітпен алға қараймын.
Жанымды ұғып, қолтықтан демер ел болса,
Қолымнан келер ісіңе әлі жараймын.

Токтатпа демді, уақыт бер маған тағдырым
Ауырлап жүрмін арқамнан түспей бар жүгім.
Қос өнер мені қыспаққа алып қояды,
Адамдар аздау, жайымды ұғар ал бүгін.

Мен білген бір жай, сөйлейді қолы шебердің,
Оюшы болу, дер едім шыңы өнердің.
Өміршең өнер иесі болмақ - оюшы,
Мыңнан бір жаннан, оюшы шықса-ол ерлік.

Жайымды қысқан қос өнер маған болды-ау сын,
Жанымды ұғар сиректеу және қолдаушым.
Бітірген іске мін тағып жатар білгіш көп,
Іштері тап-тар және де көп-ақ қорлаушым.

Қайтемін елім, сынға да шыдам керек-ақ,
Кейінгілерге қарыз бар әлі бере жақ,
Қарыздар болып кетпесем екен ол жаққа,
Жолымды қуар ұрпаққа ертең келе жақ.





ӨЛМЕС ӨЛЕҢ - ЖЕР АНА

Бар еді домбырамен әудерлігім,
Басымнан өтіп жатыр, дәурен бүгін.
Өмірге өлмес өлең, келер ме екен,
Шабытым түсірсеңші сәуленді бір.

Төбемнен күннің нұры шашырап тұр,
Көркіне көз тоймайтын атырып тұр.
Білгенге өлмес өлең-жер анамыз,
Жатқанмен табан асты асырап тұр.

Дегенге өлмес өлең, нанар ма едің,
Ғұмырлық қазынаңды алар жерің.
Жөн болар жер-анаңды аялаған,
Бақилық болғанда да, барар жерің.

Жамылып жасыл желек атырап тұр,
Аспаннан күннің нұры шашырап тұр.
Табиғат өлмес өлең-жер ананы,
Салып алып алақанға асырап жүр.

Сіңіріп көктен түскен шұғыланы,
Жер ана неше түрге құбылады.
Тіршілік иесінің бәрі-бәрі,
Жер-ана қойынына тығылады.



ӨЛЕҢІМНІҢ ӨЗЕГІ, ЖАНЫ-ХАЛЫҚ

*(Өлең «Ақ жаулықты әжелер»
байқауында оқылды)*

Сізбенен біз, бір хабар алысалық,
Олай болса, өлеңмен танысалық.
Ақын-халық өкілі, жан ашыры,
Өлеңімнің өзегі жаны халық.

Ақынмын деп ешкімге мақтанбаймын,
Өлең келмей іркіліп жатқандаймын.
Зейнетақым берілмей уақытында,
Жоғарыға, көзімді сатқандаймын.

Өз жайымды сөз етсем, дастан болар,
Байұлынан тараған Масқар болам.
Топқа түскен келінін сезіп жатса,
Мәлке атам бір аунап жатқан болар.

Нарық келер алдынан әрігірек,
Өрнектегем киіз үй әдемілеп.
Облыстың намысын қорғап жүрген.
Бұл әжені білерсіз, Дәмелі деп.

Алматы мен Москва барып қайттым,
Өнерімді ортаға салып қайттым.
Өзгенің де өнерін тамашалап,
Азды-көпті ғибрат алып қайттым.

Нарық қысқан халқымыз, босып кетті,
Босқын көрген жүрегім, шошып кетті.
Сырым елін, қия алмай туып өскен,
Осы Ақсайға біздер де, көшіп кеттік.



Көшу қиын екен ғой қартайғанда,
Күш-қуатың бойыңнан ортайғанда.
Қай арадан топырақ бұйырады,
Қара жердің қойнына жантайғанда.

Сары сандық мекенім, бір бөлмелі,
Бір бөлмеде мүмкін бе, жыр келмегі.
Халқыма айтар қанатты жырларымды,
Атып жатыр, нарықтың сүр мергені.

Өлеңімді-перзентім, жаным дедім.
Жиған ақшам жайылған малым дедім.
Шер толқытып шығарған, әнім ғой бұл,
Өлең жазу, дәл қазір сәнім бе еді.

Танылып қап, ауданға ақын атым,
Мерекелі жиынға шақыратын.
Он баланың ардақты анасымын,
Оған қоса бар тағы «Батыр» атым.

Жан-жағымнан қыспалап, нарық тұр ғой,
Айтатын сөз кеудемді, жарып тұр ғой.
Менің айтқан сөздерім, халық сөзі,
Мына менің артымда, халық тұр ғой.

Нарық қысқан халқымыз, азар болды,
Бас қосатын жерлері, базар болды.
Ертеңгі кеш, қол арба сүйреткен жұрт,
Кеште ғана аяғын, жазар болды.

Бас қосуға бұл жиын себеп болар,
Әжелерден қалатын дерек болар.
Жиындарға осындай қатысқанға,
Рухани азық та керек болар.

1997 жыл.





ДАСТАН АҒА

Ұстаз ақын М. Дәулетқалиевке

Ұзақ жылдар ағарту саласында,
Ұлағатты шәкірттің санасында.
Көкірегі шежіре тұнып тұрған,
Ақтарады тойларда арасында.

Дастархандас болып жүрдік көптен бері,
Толғап-толғап алады өткендерін.
Кеудесіне жыр болып жиналыпты,
Бұл өмірдің бұралаң өткелдері.

Құлақ түріп тындасам, әр кеңесін,
Аямапты халқынан бар кеңесін.
Сайыстарға қатысқан ұстаз-ақын,
Асырыпты Бөрлінің мәртебесін.

Тұнып тұрған кеудесі - дастан аға,
Алдыменен елеңдер бастамаға.
Халқы үшін қам жеген ағамыздың,
Шапағаты тиіп жүр басқаға да.

Шабыт келсе жарқылдар-ақ алмасты,
Жырларымен ағаның хабарласпыз.
Айтары көп ағадай көне көзді,
Шырақ алып іздесек таба алмаспыз.

Менен көрі мағұлым өздеріңе,
Ел басқарған болыпты кездері де.
Алдарына ағаның талай келген,
Ерлері де елінің, ездері де.



Ұстаз болды, талайды зейінді етті,
Кейбірі алда, кейбірі кейін кетті.
Орыс тілде оқыпты өз баласы,
Мен білемін журналист Бейімбетті.

Арнау өлең ағамызға ұнапты
«Айналайын, сен ағанды жылаттың»,
- деді аға телефоннан үн қатып,
Аға жайлы әңгімелеу ұзақ тым.

Бөрлі оны тербетті тал бесіктей,
Кім біліпті қоштасарын кешікпей.
Жер анамыз хабар беріп марқұмға,
Қиналыспен жоқтауымды есіткей.

Бөрлідегі бетке ұстар ақынды,
Ара тұра еске алу мақұлды.
Туысына, Бөрліліктің бәріне,
Көңіл айту әріптестік хақым бұл.





АҚ ЖОЛ

*Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы
Шолпан Қыдырниязоваға*

Шолпан сіңлім, іс бастапсыз лайықты,
Селт еткізер іс болды, бұл Жайықты.
Өз тілдерін өгейсітіп өздері,
Өз ұлтымыз болып жүр ғой айыпты.

Елбасымыз, қолдаған бұл бастама,
Үлгі болар іс болса екен басқаға.
Өзге тілді отырғызып қақ төрге,
Босағада тілім отыр масқара.

Әкім жігіт, құтты болсын қадамың,
Жаңалығы халқыңа ортақ қаланың.
Тіл тағдырын туғанынан ойлаған,
Басшы қылып дәл таптыңыз адамын.

Ана тілім - жұтар ауам оттегім,
Заман бастан өтер-кетер өтпелі.
Тіл байлығы ұшан-теңіз ел едік,
Мирас қылған ата-бабам көшпелі.

Айтыңдаршы, өз тілімде барма мін,
Төрге шықшы, анам тілім-ардағым.
Өз тілінің жанашыры - Шолпаным,
Ақ батамды, ақ ісіңе арнадым.



БАҒИЛА БАУЫРҒА

*(№ 3 мектептің ұстазы
Бағила Термезеевға)*

Өнеге болып, өзіндей өзге қыздарға,
Бағила бауыр, ұстаздық жолды қаладың,
Талабы биік ұстаздық өткен жылдардан,
Сүрінбей өтіп, бүгінге жеттің, қарағым.

Студенттік жыл, ұстаздық жолға жалғасты,
Тауқыметі мол, жылдармен жылдар алмасты.
Сағымды жылдар сағыныш болып зырлады,
Ыстық қой бірақ, ұстаздық жылдар алғашқы.

Отыз бес жылың, ұстаздық жолмен жалғанса,
Алдыңнан сенің, шәкірт-боп өткен жан қанша.
Қызығыменен қиындығы мол жылдардан,
Қайыспай өттің, қанатың әбден талғанша.

Зымырап өтті ұстаздық жылдар сындарлы,
Тастадың артқа қиын да қызық жылдарды.
Үлкен жүректі өнеге алар анасын,
Өсіріп жатсың өзіңе тартқан қыздарды.

Секілді болдың, жайқалып өскен сая бақ,
Жапырақтарың өрісін кеңге, жая жақ.
Бұтақтарыңды, суыққа күзгі шалдырмай,
Өсіріп жатыр шуақты жүзің аялап.

Ұстаз қауымы, кешпейді ғұмыр талғамсыз,
Ғұмыр кеш қарғам, жылдарда қалған армансыз,
Өрісің кеңіп, жапырақтарың гүлденсін,
Елу жасқа, бақытты жылдар жалғансын.





ДОСТЫҚ ЛЕБІЗ

Уа, халайық, менен болсын той бастар,
Той бастарда, басқадай жоқ ойда астар.
Он шумақтай тілек айтып көрейін,
Уақыт алып, сөйлемеспін қоймастан.

Домбыраға түсінбестер мән бермес,
Қазақпыз ғой домбырасыз сән келмес.
Домбырамен қоңырлатып қозғайын,
Шарықтатып шырқатуға саз келмес.

Ауданы бір, ауылы бір тұрғындай,
Бала кезден бірге өскен құрбымдай.
Араласып дос болып кеткен көршіммен,
Қалай қалам достығымды жыр қылмай.

Сәйкес келіп бізге сенің талғамың,
Татулықтың ізгі жолын жалғадық.
Алпыс жасың құтты болсын Мәрия,
Әрқашанда орындалсын арманың.

Қайынды да, үлгім ұстаз аттандың,
Мен танысам, адамысың қатардың.
Ақ ниетпен жарып шыққан өлеңді,
Алпыс жастың шашуы деп атармын.

Елден көшіп қаздай едік адасқан,
Көрші таптық көңіліміз жарасқан.
Дәм-тұзымыз араласқан көршіміз,
Күніміз жоқ сен деп, мен деп санасқан.

Бірге өткізген жастық шақты от-жалын,
Жан-жарыңды жоқтаудай-ақ жоқтадың.
Үлбіреген аппақ қызы татардың,
Қоңыр түсті Жолаушыға тоқтадың.





Одан өрген қыздарың бар, ұлың бар,
Мына бүгін батып жатқан шығынға.
Тойлап жатқан күйеу-қызға тілегім,
Бақытты болып ұзақ-ұзақ тұрыңдар.

Қабағынды ешқашан кір шалмасын,
Жақсы ғұмыр таба берсін жалғасын.
Немереден, шөбере көр, жан құрбым,
Бақытыңның шүпілдесін арнасы.

Ұстаз болдың, өнегелі енесің,
Өнегенді өзгеге әлі бересің.
Анда барып, мында барып тынымсыз,
Ұрпағыңа қамқор болып келесің.

Он жылдан соң жетпісті бір тойлайық,
Ғұмыр болып, өмір сүрсек алда біз.
Онда да бір, ән жазармын ойланып,
Бүгінгідей шабыт берсе, Алламыз.

Қартаймаудың қамын ерте ойлай бер,
Тең-құрбыңмен, әзілдесіп ойнай бер.
Қызықтарың қызықтарға жалғасып,
Жетпіс, сексен, тоқсан жасты тойлай бер.





САҒЫНЫШ

*Аяулы ұстаздарым Рахима Есенғалиеваға,
Нүрлен Байғалиеваға,
марқұмдар Шалабай Қожамұратовқа,
Наурызбай Ізтілеуовке,
Мақсәт Ташаевқа арнаймын!*

Соғады Бұлдырты деп жүрегіміз,
Үзілген емес елден күдеріміз.
Мектебі сексен жасқа толып тұрса,
Біздер де сол мектептің түлегіміз.

Көрсек те қиындық пен тапшылықты,
Алғанбыз сол ортадан жақсылықты.
Бітірген он жылдықты мектебіме,
Сағыныш жылдан-жылға асқынып тұр.

Есімде жүріс-тұрыс келбеттері,
Паш еткен жақсылықты жер-көктегі.
Аяулы ұстаздарды дәріс берген,
Елу жыл жүрегімде тербеткелі.

Қызыл құм табан асты сусып жатыр,
Шұқыса метр жерден су шығатын.
Көк елді көргің келсе тұсынан өт,
Еңкейіп бір тал ексең ну шығатын.

Көктемде есекмия гүл атқанда,
Көк өрім қыз-бозбала сыр ақтарған.
Шәкірттер сол мектептен білім алған,
Қол созған асқақ арман мұраттарға.



Аяулы алтын ұям менен калған,
Бастауын арманымның сенен алғам.
Маңында бір көгершін ұшып жүрсе,
Ол менің сағынышым - деме жалған.

Аяулы алтын ұям - тал бесігім,
Түбінде көкіректің қалды есімің.
Атынан шәкірттердің дұғай сәлем,
Шимайлап жазып кеткен, жарға есімін.





ТӨЛ ГАЗЕТИМЕ ТІЛЕК

Біраздан бергі сырласым,
Онға толып тұрғасын.
Жаздым осы жылдарда,
Еңбек еткен тұлғасын.

Редакторлар алғашқы,
Кезегімен алмасты.
Әрқайсының орны бар,
Бір-біріне жалғасты.

Редактор болып жасады,
Абылай деген азамат.
Ажарын оның ашады,
Екі тілде жаза алады.


Сайлау інім білімді,
Білетін екі тіліңді.
Газет елге жеткенше,
Еңбегін ол сіңірді.

Редактор болып тағы да,
Елена қызым отырды.
Көп тілді халық бағына,
Қос тілде газет оқылды.

Ибрагим деген ініміз,
Отырды газет басқарып.
Көбейді жас қызымыз,
Тілшілік жұмыс атқарып.

Тәуекелдері тым мықты,
Журналист болу - батырлық,
Жасырмай жазса шындықты,
Сүреді өмір татырлық.





Газетен бір түспейді,
Әкімшілік ақпары.
Жазған сайын үстейді,
Жақсы-жаман жақтары.

Айсәуле деген қызымның,
Еңбегі сіңіп келеді.
Қазақша жазған жырымды,
Қатесіз жазып береді.

Ғабдошұлы тұстасым,
Ирина қызым, Стасым.
Танысым олар алғашқы,
Ұстаған газет тұтқасын.

Людмила, Ділдә, Жайнагүл,
Байқатпас түрін қысылған.
Қиыннан бастау пайдалы,
Тілшілер - олар ысылған.

Жағдайларын халықтың,
Жазып жүрсең қыс-жазы.
Тұсында да нарықтың,
Газет қалам ұштады,

Азды көпті газетке,
Менде қостым үлесті.
Айналдырдым әдетке,
Игі істерге тілекті.

Оқырман үн қатады,
Шықса газет атағы.
Оқырманның көбейсін,
Жылдан жылға атағы.



БӨРЛІЛІКТЕР ТІЛЕГІ

Көп ізденсең іс ілгері баспай ма,
Білім, өнер ажарыңды ашпай ма.
Қиын жолды тәуекел деп таңдаған,
Жас ақындар, хош келдіңіз Ақсайға.

Жолға түстің өмір жүгін арқалап,
Хас өнердің өлкесіне мархабат.
Қошаметтеп қол соғатын халқың бар,
Ойда жоқта шабыт келіп - жанса бақ.

Сөзбен дауды шешетұғын салтың бар,
Дана сөзге тоқтайтұғын халқың бар,
Өздеріңнен өнеге алар ұрпақ бар,
Іздеріңнен еретұғын артыңда.

Жетелесін алдарыңнан тәтті үміт,
Айтыстарда бола берсін сәттілік.
Тыңдарманды ырза қылып айтыста,
Халқыңызды жүргейсіңіз шат қылып.

Ақындық жол оңай емес, білемін,
Сіздер елдің көз, құлағы, жүрегі.
Айтыскердің жеңіп шығу мақсаты,
Сізге шабыт! «Бөрліліктер тілегі».





КӨРУГЕ ТЕК КӨЗ КЕРЕК

Жаңалық бар ақырғы,
Қала сәнді күйге енді.
«Босандырып» жатырмыз,
Тоғыз қабат үйлерді.

Бір үй жатыр «толғатып»,
Астын тестік сорлатып.
«Егіп» қойдық тескішпен,
Қиналатын болғасын.

Ана бір үй тағы да,
«Тәбеті жоқ талғап жүр».
Үйдің үй жақ жарына,
Су мен тоқты жалғап жүр.

Бұл үй жайы басқарақ-
Сегіз айда «босанбақ».
Бір жағында «Шаштараз»,
Балаламақ қосарлап.

«Бала туу» жағынан,
Үйлер озып барады.
Болашақтың бағына,
Көбейтеміз баланы.

Әсем Ақсай қаласы,
Көруге тек көз керек.
Үйдің туған «баласы»,
Шын баладан өзгерек.





ТАБИҒАТТА

Таңғы ауамен көңілімді аршыдым,
Таңғы шыққа аяғымды малшыдым,
Тал-терекке қонып шыққан құстардың,
Таза ауамен тыңдап тұрдым бар сырын.

Қайырмасы

Аспан ашық күн күліп тұр,
Айнала көк, құлпырып тұр,
Айнала ұшқан таң құстары,
Ағаштарға ұмсынып тұр.

Таза ауаны жұтқың келсе қымбаттым,
Таңмен тұрып табиғатпен сырласқын,
Табиғаттың таңғажайып ауасы,
Талбойыңа тарағасын - жырлатсын.

Қайырмасы

Аспан ашық күн күліп тұр,
Айнала көк, құлпырып тұр,
Айнала ұшқан таң құстары,
Ағаштарға ұмсынып тұр.





КӨКТЕМ СУРЕТІ

Күн күлді, ызғар кетті, көктем келді,
Күн келді, сағындырған көптен бергі.
Кемірді жыл-жал қарды кеуілжірдей,
Күн туды, шуағы мол, өкпек желді.

Жылжыды жыл мезгілі жазға қарай,
Көктемнің шуағына көмілдіріп.
Кәдімгі жазға лайық, сазға орай,
Сайрайды көктем құсы төгілдіріп.

Дегендей қызықтасын барша халық,
Құстар да өзіңе тән, ән салады.
Сөгілді жердің тоңы паршаланып,
Толтырып жылға-жылға сай саланы.

Құрсауын жер анамыз шешінгендей,
Сіңіріп көктем суын төсін керней.
Бұл шақта тіршіліктің көңіл күйі,
Көктемнің майда желі есілгендей.

Па, шіркін, уақытын айт көктеменің,
Келеді көре бергің көктегенін.
Шатырдан, сырғып төмен аққан суға,
Ұстап тұр бір бүлдіршін «Котелогін».

Тіршілік көктемменен таралады,
Бәрі де жер анадан, нәр алады.
Жер ана, көктем келе түрленеді,
Жамылып қызыл-жасыл, дала алабы.



Көңілім көкте қалқиды,
Жайқалған жасыл көктемде.
Жусанның исі аңқиды,
Көлігің қырға жеткенде.

Шапағы күннің шашырап,
Тұрады жайнап атырап.
Бәйшешек қырдан теруге,
Кәрі де, жас та асығады.

Ұшып-қонып құстар да,
Көктемнің сәнін келтірді.
Шарықтап құстар ұшқанда,
Ұшардай көңіл желпінді.





МАҒАН ӘЛІ БАЛАСЫҢ

Алыстағалы өзіңнен,
Айырылып жүрмін төзімнен,
Есіме алған кезімде,
Аламын өшті көзімнен.

Қайтемін жанның наласын,
Алыстап менен барасың,
Балаңа әке болғанмен,
Әлі де маған баласың.

Мұңымды қалай жасырам,
Кездерім көп-ақ жасыған,
Анадан алыстағаның,
Намысың аз-ау асылан.

АЛТЫН ЖҰБАЙ

Сабыр, сабыр, сабыр түбі сары алтын,
Сабыр сақтап бақытыңды табарсың.
Бір-біріңе адал болған жұбайдың,
Жақсы болсын, жаман болсын, бәрі алтын.

Біреулерді, саф алтынға санама,
Біреулерге, сан ұрланып қарама.
Өз қосағың алтын ба, не қолама?
Қосылған соң қосағыңды бағала.





ҰЛТ ӨНЕРІНІҢ ЖАРШЫСЫ

Ақын, батыр ана Дәмелі Құсайынқызына!

Ақ қарда. Ақсайда. Ақ апам,
Арайлап атқандай дара таң.
Ақ жүрек, ақтұнық пейілден
Арманмен жүргенін ұнатам!

Ақ шаңқан ақ үйде ер жетіп,
Ақ жаңбыр - ақ өлең тербетіп,
Ақ жайық алыбым, елім деп
Арқадан, Алтайдан серметіп
Күлгенін ұнатам!

Ақ самал саумалап жанардан,
Ақ гүлдей төскейге қадалған
Ардақтап, салмақтап жер - көкті
Адамзат бабын да таба алған,
Қылығын, құлығын ұнатам!

Ана ол! Батыры ананың,
Аймала, жыр - жанын алабым!
Ақ қайнар талабы талмасын,
Асу ма, асқар ма қалауың?!
Ақ апам! Ән апам! Бір апам!

Айдан да нұр сәлем жолдаған,
Аштыққа, тоқтыққа болмаған.
Ауылға, қауымға қадірлі,
Арыстан қазағын сомдаған-
Ақ апам! Ән апам! Бір апам!

Ботакөз БАЙМҰҚАНҚЫЗЫ
Қазақстан журналистер Одағының мүшесі,
ақын, тележурналист.



ТІЛЕК

Баураған асыл сөздің дауылы ма,
Ақындық халқы сүйер аруы ма?
Ораз бастап дүйім жұрт келдік бүгін,
Ақын қыз Дәмелінің ауылына.

Шақыру хабар жетті арнап маған,
Қазақ жұрты ән-жырды ардақтаған.
Дәмелі ақын болып танылғанда,
Қалайша келмей оған аулақ қалам.

Арнауым - қол көтермес қаруымдай,
Өректіп ауыр тыныс алуым-ай.
Апасы Қыйбатпенен құрдас едім,
Дәмелі маған туыс-бауырымдай.

Дәмелі, өзіңе тән адалдығың,
Мақтап жүрсің мектептей ұяңды мың.
Жырымның шумағына нұр береді,
Таза жүрек, ақтығың, ұяңдығың.

Саз тербеп, нәзік сиқыр күй кемесін,
Талайың жазылғанның берді есесін.
Он перзенттің аяулы анасысың,
Төбіреніп тереңнен, сыр шертесің.

Жалынды жырға айналсын бар уағың,
Тағдырдың көрмегейсің тар уағын.
Ауданыңа белгілі ақын болдың,
Дәмелі, үстей берсін аруағың.

Қама ХАБИЕВА



Өзіңізден дәметсек жақұт жырды,
Жасырыпты біздерден уақыт сырды.
Кеш жазғанмен жырыңды кемел еттің,
Аброймен алдында бақыт тұрды.

Көріспеген, өзіңді көрмегенмен,
Өлеңіңмен таныстым шөлдегенде.
Баптап алып құсыңды ұшырыпсың,
Қанатыңды қияға сермегендей.

Заман бірге зерделі тоқығанға,
Зымырайды уақыттың оқуы алда.
Зейін қойып тыңдайық болашақты,
Зәру жырды ұсынып оқырманға.

Қайтсек қалай, бір жылу қосамын деп,
Жаңалықтың жылт еткен, осалы жоқ.
Дәстүр болып жалғасқан дана жырға,
Дәмелідей ақынның қосары көп.

Қасиетті өнерді өр деп білген,
Өлең емес, өлеңі өрнек кілең.
Ілгеріде ұзап мен кеткеніммен,
Енді саған жете алмай терлеп келем.





Елуінді ел болып ескеріпті,
Қуанышты, көңілді кеш көрікті.
Өміріңде елеулі өзгерістей,
Алтын беті болады естеліктің.

Мәнді жырың туғызып дарынға сын,
Шабытыңның шалқиды барында шын.
Туған жермен тұрасың хабарласып,
Ақиық Абдолланың қарындасы.

Қызыл сөзбен кетірмей қадіріңді,
Іренжеме азғантай әзілім бұл.
Ақын сыйлап өсірген үлкендерге,
Келін болып алдында, тағызым қыл.

Өнер жүгі жеңілді көтермейді,
Уақыт түгіл, өмірім өтер мейлі.
Ақындардың өмірі алғы шепте,
Одан басқа парызың өтелмейді.

Күннен күнге қосылып жаңалығы,
Қайта құру бүгінде саналы ұғым.
Адамына өнердің мән беруі,
Басшылардың бұ да үлкен жаңалығы.

Кәкім САЛИХОВ.



Қарапайым ана ғана қарасаң,
Өнері көп, өн бойына жарасқан.
Ақын ана, қол өнердің шебері,
Ол тұрғызған киіз үйге таласқан.

Киіз үйі Москвадан жүлде алған,
Мұражайға ұрпақ үшін қойылған.
Оюланған алаша мен жапқыштар,
Әсем етіп өр орнына жиылған.

Куә болдым жақсы істерге басталған,
Үлгі болар жастарыма талпынған.
Тамырыңыз терең тартып ақыным,
Өсе берсін ұрпақтарың жайқалған.

Біздің байлық ақ жаулықты аналар,
Ана сүтін ішіп ұрпақ нәр алар.
Қан мен сүтпен асыл өнер бойдағы,
Ұрпақтардың өн бойына таралар.

Өнерлі ұрпақ өсе берсін көркейіп,
Оқып-тоқып өнерлері кеңейіп.
Сол ұрпаққа оң-солдарын танытар,
Көш басында Дәмелі ана жүрсін деймін
жол сілтеп.

Дәмелі ана қартаймаңыз ешқашан,
Өнеріңіз қуат берсін жинаған.
Немере мен шөбере көріңіз,
Болсын ұрпақ, ол да өнерге талпынған.

Сапия НҰРФАЛИҚЫЗЫ



МАЗМҰНЫ

Жігерлі ана	3
Бірінші тарау	
Тағылымы мол ұстаз туралы ой	5
Мұра	7
Киіз үй	11
Киіз үй тігудің қызығы мен қияметі	14
Қадірлі ананың қолтаңбалары	16
Өнер адамы халқына қызмет етеді	22
Табылған текемет	25
Жақсының шапағаты тиеді	26
Бір үзік сыр	28
Өнер өрге апарады	37
Творить доброе дело - удел сильных людей!	42
Одежда для юрты	44
Екінші тарау	
Әжелер шықты жарысқа	49
Әкенің рухымен сырласу	51
Парыз	56
«Ақ босаға» неге көрінбей кетті	60
Кіндік шеше	62
Бірінші түс	64
Екінші түс	65
Ерекше ескерткіш	72
«Баланы жастан...» деген ғой	80

Үшінші тарау	
Сұр төбе	84
«Ескерткіш - Мұра»	85
Бақыл бол, анам, жан анам!	86
Арамызда ардагер бар	89
Ұлы ақын	91
Өлең менің сырласым	92
Жайнай бер, Отан-тірегім	93
Ақ ниетті ұрпақ едік, біз деген	94
«Достық, бірлік»- бейбітшілік арқауы	95
Хас шайыры батыстың	96
Ақжайық ардагерлері	97
О, Махамбет - өр бабам!	99
Уақыт бер маған тағдырым	100
Өлмес өлең - жер ана	101
Өлеңімнің өзегі, жаны-халық	102
Дастан аға	104
Ақ жол	106
Бағила бауырға	107
Достық лебіз	108
Сағыныш	110
Төл газетіме тілек	112
Бөрліліктер тілегі	114
Көруге тек көз керек	115
Табиғатта	116
Көктем суреті	117
Маған әлі баласың	119
Алтын жұбай	119
Ұлт өнерінің жаршысы	120
Тілек	121

Дәмелі Құсайынқызы
МҰРА

Қадиша Керейқызы


Формат 84x108/32
Гарнитура Таймс. Печать офсетная.
Тираж 500. Заказ 12052.
Отпечатано с готовых оригинал-макетов
в ОАО «ИПК «Южный Урал», г. Оренбург, пер. Свободина, 4.

000001550335



000001550335

Дәмелі
КҰСАЙЫНҚЫЗЫ



Қадша
Керейқызы